Төлемдер және төлем жүйелері туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 60-баптан қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

Баспасөз релиз

Осы Заң Қазақстан Республикасында төлем жүйелерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі, төлем жүйелерін реттеу және оларды қадағалау (оверсайт), төлем қызметтері нарығын реттеу және оларды бақылау, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы шот – банктік шот шарты негізінде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ашатын банктік шот;

2) ақпараттық көрсетілетін банктік қызметтер – клиенттің банктік шотына қызмет ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің бұйрық бойынша және клиенттің келісімімен оның банктік шоты бойынша ақша қалдықтары және (немесе) қозғалысы туралы, осы шот бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты және клиенттің сұратуы бойынша не клиент пен көрсетілетін төлем қызметтерін беруші арасында жасалған шарт бойынша өзге де ақпаратты клиентке немесе үшінші тұлғаға ұсынуы жөнінде көрсетілетін қызметтері;

3) ақша аударымдары жүйесі – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін келісім жасасқан төлем жүйесі операторының бағдарламалық қамтамасыз етуі пайдаланыла отырып, ақша аударымдары жүзеге асырылатын төлем жүйесі;

4) ақша аударымы – көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің төлемді жүзеге асыруға немесе өзге де мақсаттарға байланысты клиенттің ақша беру туралы нұсқауын дәйектілікпен орындауы;

5) ақша жөнелтуші – төлем және (немесе) ақша аударымы өз есебінен жүзеге асырылатын тұлға;

6) ақша жөнелтушінің банкі – ақша жөнелтушіге қызмет көрсететін банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

7) ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі – ақша жөнелтушінің осы тапсырмада көрсетілген шарттар мен деректемелерге сәйкес өз атынан бір немесе бірнеше бенефициардың пайдасына тұрақты төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру туралы ақша жөнелтушінің банкіне тапсырмасы;

8) аутсорсинг – көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуды қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттық-технологиялық функцияларды орындауды көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің көрсетілетін қызметтерді өтеулі ұсыну туралы шарттың (аутсорсинг туралы шарт) негізінде үшінші тұлғаларға беруі;

9) банкаралық ақша аударымдары жүйесі – қатысушылары арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттардағы ақшаны пайдалана отырып, қатысушысының әрбір нұсқауын операциялық күн ішінде ақша аударымдарын аяқтай отырып жеке орындау арқылы жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі;

10) банкаралық клиринг жүйесі – жүйеге қатысушы банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қатысушылар нұсқауларының көпжақты клирингі арқылы жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі;

11) банктік шот – клиенттің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы ақшасының қозғалысын, сондай-ақ клиентке банк қызметін көрсету бойынша клиент пен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арасындағы шарттық қатынастарды көрсету және есепке алу тәсілі;

12) банктік шотты тікелей дебеттеу – банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақша жөнелтушіден ақшаны алып қоюы және ақша жөнелтушінің осындай алып қою туралы алдын ала рұқсатының негізінде оларды бенефициардың пайдасына беруі;

13) бастамашы – орындау үшін нұсқау берген тұлға;

14) бенефициар – төлем және (немесе) ақша аударымы өз пайдасына жүзеге асырылатын тұлға;

15) бенефициардың банкі – бенефициарға қызмет көрсететін банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

16) валюталау күні – төлемнің және (немесе) ақша аударымының бастамашысы бенефициардың банктік шотына ақша есепке жатқызылуға тиіс болғанда төлем құжатында көрсеткен күн;

17) есептік тіркеу – төлем ұйымын төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу;

18) жинақ шоты – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік салым шартының негізінде ашатын банктік шот;

19) жиынтық төлем тапсырмасы – бір ақша жөнелтушіден бір банкте қызмет көрсетілетін бірнеше бенефициардың пайдасына не бір банкте қызмет көрсетілетін бірнеше ақша жөнелтушіден бір бенефициардың пайдасына төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын төлем тапсырмасы;

20) жөнелтуші – нұсқау беретін ақша жөнелтуші немесе бенефициар;

21) жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің жұмыс істеуін бағалау – осы төлем жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін айқындау мақсатында төлем жүйесінің операторы, төлем жүйесінің операциялық орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе халықаралық қаржы ұйымдары жүзеге асыратын шаралар кешені;

22) жүйелік маңызы бар төлем жүйелерінің мониторингі – төлем жүйелеріне қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асыру шеңберінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде туындайтын тәуекелдерді басқару, барынша азайту және болжау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын, жүйелік маңызы бар төлем жүйелерін бақылап отыру және байқау процесі;

23) жүйелік маңызы бар төлем жүйесі – үздіксіз жұмысы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуіне ықпал ететін және жұмысының тоқтауы (іркілуі) Қазақстан Республикасының қаржы нарығында тәуекелдердің туындауына әкеп соғуы мүмкін төлем жүйесі;

24) инкассолық өкім – ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою үшін пайдаланылатын төлем құжаты;

25) клиент – көрсетілетін төлем қызметін алатын жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі;

26) клиринг – өзара ақша талаптары мен міндеттемелерін жинау, салыстырып тексеру және есепке жатқызу процесі, сондай-ақ осы процеске қатысушылардың таза позицияларын айқындау;

27) корреспонденттік шот – банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және оның клиенттерінің операцияларды орындау үшін корреспондентік шот шарты негізінде ашылатын, банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банктік шоты;

28) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші – көрсетілетін төлем қызметтері нарығының көрсетілетін төлем қызметін ұсынатын субъектісі;

29) көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде беруші – клиенттің банктік шотына қызмет көрсетпейтін және клиентке өзінің қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы электрондық көрсетілетін банктік қызметтерді ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін беруші;

30) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды беруші – осы Заңда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін көрсетілетін төлем қызметтерін беруші;

31) көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы – көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынумен және пайдаланумен, сондай-ақ төлем құралдарын шығарумен және пайдаланумен байланысты қатынастардың жиынтығы;

32) көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығын мемлекеттік бақылау және қадағалау (көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығын бақылау және қадағалау) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің қызметін бақылауды өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асыруға бағытталған қызметі;

33) көрсетілетін төлем қызметі – көрсетілетін төлем қызметін беруші клиентке осы Заңның 12-бабына сәйкес көрсететін қызмет;

34) қашықтан қол жеткізу жүйесі – электрондық көрсетілетін банк қызметтерін алу үшін клиент пен көрсетілетін төлем қызметтерін беруші арасындағы байланысты қамтамасыз ететін телекоммуникациялар, цифрлық және ақпараттық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының және жабдықтардың жиынтығы;

35) қосалқы төлем агенті – көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөнінде төлем агентімен агенттік шартты жасасқан заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

35-1) лездік төлемдер жүйесі – төлем және (немесе) ақша аударымы бенефициарының пайдасына ақшаны лездік есепке жатқызуды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ақшаны пайдаланып, қатысушылары арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын тәулік бойы жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-2) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 31.12.2021 № 100-VII (01.03.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36) нұсқау – төлем және (немесе) ақша аударымы бастамашысының көрсетілетін төлем қызметтерін берушіге төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру туралы өкімі, ол тапсырма, талап нысанында немесе электрондық төлем құралы немесе қашықтан қол жеткізу жүйесі пайдаланылған кезде клиенттің келісімі түрінде болады;

37) операциялық күн – төлем жүйесінің операторы не көрсетілетін төлем қызметтерін беруші нұсқауларды орындауды тоқтата тұру не мұндай нұсқауларды кері қайтару туралы нұсқауларды, өкімдерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

38) өзге төлем жүйесі – жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі болып табылмайтын төлем жүйесі;

39) сәйкестендіру құралы – нұсқауды жөнелтушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптер, цифрлар немесе символдар комбинациясынан тұратын бірегей сәйкестендіруші немесе көрсетілетін төлем қызметін беруші клиентті сәйкестендіру үшін белгілеген және онымен келісілген өзге де сәйкестендіруші (дербес пароль, бірреттік (біржолғы) сәйкестендіру коды, биометрикалық сәйкестендіру құралы);

40) таза позиция – төлем жүйесіндегі есеп айырысу төлем жүйесіне қатысушылар нұсқауларының көпжақты клирингі арқылы жүзеге асырылатын жағдайда, төлем жүйесіне барлық қатысушылардың төлем жүйесіне бір қатысушысының пайдасына бағытталған нұсқауларының сомасы мен төлем жүйесіне осы қатысушының төлем жүйесіне қалған қатысушылардың пайдасына бағытталған нұсқауларының сомасы арасындағы айырманың мәні. Таза позицияның мәні теріс болған кезде қатысушыда дебеттік таза позиция, мәні оң болған кезде – кредиттік таза позиция болады;

41) төлем – қолма-қол ақшаны және (немесе) төлем құралдарын пайдалана отырып ақшалай міндеттемені орындау;

42) төлем агенті – банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен немесе төлем ұйымымен көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шартты жасасқан заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

43) төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушылар – төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша құқықтары және (немесе) міндеттері бар жеке және заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

44) төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйелерінің тиімді, қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын қызметі;

45) төлем жүйесі – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруды төлем жүйесі операторының және (немесе) төлем жүйесіне қатысушылардың рәсімдерді, инфрақұрылымды және осы төлем жүйесінің операторы белгілеген қағидаларды қолдану арқылы өзара іс-қимыл жасау жолымен қамтамасыз етілетін қатынастардың жиынтығы;

46) төлем жүйесіне қатысушы – төлем жүйесінің операторымен төлем жүйесіне қатысу туралы шарт жасасқан банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайда төлем ұйымы;

47) төлем жүйесінің жұмыс істеуін өзіндік бағалау – осы төлем жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін айқындау мақсатында төлем жүйесінің операторы, төлем жүйесінің операциялық орталығы жүзеге асыратын шаралар кешені;

48) төлем жүйесінің инфрақұрылымы – төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің, ресурстар мен технологиялардың жиынтығы;

49) төлем жүйесінің операторы – төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және осындай қызметке жататын, осы Заңда белгіленген міндеттерді орындайтын заңды тұлға;

50) төлем жүйесінің операциялық орталығы – төлем жүйесінің операторы осы заңды тұлғаға қатысты оның қызметін реттеу және аталған ұйымның құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешімдер қабылдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жағдайда, төлем жүйесінің операторы осы заңды тұлға мен төлем жүйесінің операторы арасында жасалған шарт негізінде не оған өкілеттіктер беру арқылы операциялық және технологиялық функцияларды жүзеге асыруды тапсырған заңды тұлға;

51) төлем карточкасы – ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға не қолма-қол ақша алуға не валюталарды айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның шарттарымен басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған электрондық төлем құралы;

52) төлем карточкасын шығару – төлем карточкасын ұстаушыға төлем карточкасын беруді көздейтін төлем қызметі;

53) төлем карточкасының эмитенті – төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын банк немесе Ұлттық пошта операторы;

54) төлем құжаты – қағаз жеткізгіште жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, соның негізінде немесе көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжат;

55) төлем құралы – төлем және (немесе) ақша аударымы соның негізінде немесе ол пайдаланыла отырып жүзеге асырылатын төлем құжаты немесе электрондық төлем құралы;

56) төлемнің және (немесе) ақша аударымының аяқталуы (түпкілікті болуы) – қатысушының төлемге және (немесе) ақша аударымына міндеттемесі орындалды деп есептелетін уақыт көзі;

57) төлем ордері – клиент пен оған қызмет көрсететін банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру және (немесе) клиенттің банктік шотына қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын төлем құжаты;

58) төлем талабы – бенефициар немесе бенефициардың банкі ақша жөнелтушінің банкіне ұсынатын, төлем құжатында көрсетілген ақша сомасын ақша жөнелтушінің банктік шотынан төлеу туралы төлем құжат;

59) төлем тапсырмасы – ақша жөнелтушінің өз банкіне немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы төлем құжатында айқындалған ақша сомасын бенефициардың пайдасына аудару туралы нұсқауы көзделетін төлем құжаты;

60) төлем ұйымдарының тізілімі – есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының бірыңғай тізбесі;

61) төлем ұйымы – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы Заңға сәйкес көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы ;

62) төлем хабарламасы – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банктік шотты ашпай жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын және ақша жөнелтушінің өзіне қызмет көрсететін банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға төлем құжатында көрсетілген сомада бенефициардың пайдасына ақша аудару туралы тапсырмасы қамтылатын төлем құжаты;

63) чек – чек берушінің қызмет көрсететін банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жазбаша бұйрықта көрсетілген ақша сомасын чек ұстаушыға төлеу туралы осындай бұйрық қамтылатын төлем құжаты;

64) чек беруші – чек жазып берген тұлға;

65) чек ұстаушы – өз пайдасына чек жазылған тұлға, оның ішінде, егер чекті ол өзіне жазса, чек беруші;

66) шетелдік төлем жүйесі – операторы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын төлем жүйесі;

67) электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері;

68) электрондық ақша жүйесі – электрондық ақша жүйесі операторының электрондық ақша эмитентімен және (немесе) электрондық ақша иелерімен өзара іс-қимыл жасауы арқылы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жиынтығы ;

69) электрондық ақша жүйесінің агенті (бұдан әрі – агент) – банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, Ұлттық пошта операторы және электрондық ақша эмитентімен не электрондық ақша жүйесінің операторымен жасалған шарттың негізінде электрондық ақшаны кейіннен жеке тұлғаларға өткізу үшін эмитенттен және ақша иеленуші жеке тұлғалардан оны сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем агенті;

70) электрондық ақша жүйесінің операторы – электрондық ақшаны пайдалана отырып, операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды , өңдеуді және беруді қоса алғанда, электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен)

жасалған шартқа сәйкес электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын айқындайтын банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы;

70-1) электрондық ақшаның электрондық әмияны (бұдан әрі – электрондық әмиян) – электрондық ақшаға билік етуді қамтамасыз ететін, оны есепке алу және сақтау тәсілі ;

71) электрондық ақшаны өтеу – электрондық ақша эмитентінің өзі шығарған, электрондық ақшаның иесі ұсынған не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда иеленушісі оларды ұсынбастан ауыстыруға жататын электрондық ақшаны олардың номиналдық құнына тең ақша сомасына айырбастауды жүзеге асыруын көздейтін көрсетілетін төлем қызметі;

72) электрондық ақшаны пайдалану – азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемді және (немесе) меншік құқығының электрондық ақшаға өтуімен байланысты өзге де операцияларды жүзеге асыру мақсатында электрондық ақша иесінің оларды электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушысына беруі;

73) электрондық ақшаны шығару – электрондық ақша эмитентінің электрондық ақшаны жеке тұлғаға немесе агентке олардың номиналдық құнына тең ақша сомасына айырбастау арқылы беруін көздейтін көрсетілетін төлем қызметі;

74) электрондық ақша эмитенті – осы Заңға сәйкес электрондық ақшаны шығаруға және өтеуге құқығы бар көрсетілетін төлем қызметтерін беруші;

75) электрондық көрсетілетін банктік қызметтер – көрсетілетін төлем қызметтерін және ақпараттық көрсетілетін банктік қызметтерді алу үшін қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы клиенттің өз банктік шотына қол жеткізуімен байланысты көрсетілетін қызметтер;

76) электрондық терминал – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын не қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру операцияларын жүзеге асыруға не шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға не өзге де операция түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растау құжаттарын қалыптастыруға арналған электрондық-механикалық қондырғы;

77) электрондық төлем құралы – төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға өкілеттігі бар ақша жөнелтушіге төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға бастамашы болуға, сондай-ақ ақша жөнелтуші мен электрондық төлем құралының эмитенті арасындағы шартта көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын төлем карточкасы немесе өзге де электрондық жеткізгіш;

78) электрондық төлем құралын ұстаушы – электрондық төлем құралының эмитентімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес электрондық төлем құралын пайдаланатын немесе иеленетін жеке тұлға;

79) электрондық төлем құралының эмитенті – электрондық төлем құралын шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

80) эскроу-шот – клиент айқындаған шарттардың басталуына немесе орындалуына дейін банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға үшінші тұлғаның құқығын шектей отырып, клиент осы тұлғаның атына ашатын ағымдағы шот немесе жинақ шоты.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасында төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ төлем жүйелерінің және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының жұмыс істеу процесінде туындайтын қатынастардың субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын халықаралық төлемдер мен және (немесе) ақша аударымдарымен, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерімен (қаржы институттарымен) байланысты қатынастар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" және "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар ескеріле отырып, олардың арасындағы шарттармен және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі. Егер халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша әрекеттер Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылса, онда мұндай қатынастар осы Заңмен, көрсетілген шарттармен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.

3. Осы Заңның банктерге қатысты қолданылатын талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдарына қолданылады.

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілеріне

және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2020 № 356-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемдер және төлем жүйелері саласындағы өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын;

2) нысандарын, тізбесін, ұсыну мерзімділігі мен мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын, жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтер беру қағидаларын;

3) Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын;

4) банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

5) банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

6) операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын;

7) төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

8) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын;

9) Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларын;

10) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын;

11) төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілетін операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды;

12) Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды;

13) клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын;

14) көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекітеді, оларда нысандарын, тізбесін, ұсыну мерзімділігі мен мерзімдерін қоса алғанда, оларды ұсыну тәртібі айқындалады;

15) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын;

17) банктер арасында, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын;

18) төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды;

19) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін;

20) банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды;

21) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын;

22) төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын;

23) маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін;

24) көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын көрсеткіштерді;

25) осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзге де нормативтік құқықтық актілерін бекітеді.

2. Төлемдер және төлем жүйелері саласында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады және өзге де өкілеттіктерді іске асырады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүйелерін реттеуді және оларды қадағалауды (оверсайтты), көрсетілетін төлем қызметтері нарығын реттеуді және оларды бақылауды Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның төлемдер және төлем жүйелері саласындағы өкілеттіктері

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау мақсатында банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды және қадағалауды өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

5-бап. Төлем жүйелеріне қойылатын негізгі талаптар

1. Төлем жүйесінің ұйымдастырылу және жұмыс істеу тәртібі осы төлем жүйесінің операторы белгілеген қағидаларында айқындалады.

2. Төлем жүйесінің қағидаларында:

1) төлем жүйесінің жұмыс істеу рәсімдері, оның ішінде төлем жүйесінде ақша аударымдарын жүзеге асыру, төлем хабарларының форматтарын қолдану тәртібі, төлем жүйесінің жұмыс кестесі және төлем жүйесіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі;

2) төлем жүйесінің операторы ұсынатын көрсетілетін қызметтердің және төлем жүйесінде жүзеге асырылатын операциялардың сипаты;

3) төлем жүйесіне қатысу шарттары;

4) төлем жүйесіне қатысушылардың оның операторымен өзара іс-қимыл тәртібі;

5) төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауды кері қайтарып алу рәсімдері;

6) төлем жүйесіне қатысушылардың төлем қабілетсіздігін реттеу тәртібі;

7) ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібі;

8) төлем жүйесі қағидаларын бұзғаны үшін төлем жүйесіне қатысушыға қолданылатын шаралар;

9) алаяқтықты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды болғызбауға бағытталған ұйымдастырушылық және рәсімдік іс-шараларды төлем жүйесінде қамтамасыз ету және енгізу жөніндегі шаралар қамтылуға тиіс.

3. Төлем жүйесінің қағидаларына осы төлем жүйесіне қатысушылардың басқа төлем жүйелеріне қатысуын (оның ішінде айрықша қатысу туралы шарт түріндегі нормаларды), сондай-ақ басқа төлем жүйелеріне осы төлем жүйесінің инфрақұрылымына қызмет көрсететін тұлғалардың (осы төлем жүйесі операторының жұмыскерлері болып табылатын адамдарды қоспағанда) қызмет көрсетуін шектейтін нормаларды енгізуге тыйым салынады.

4. Төлем жүйесінің қағидалары, осы қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар, төлем жүйесі операторының тарифтері (көрсетілетін қызметтер құны) туралы және осы тарифтердің (көрсетілетін қызметтер құнының) барлық өзгерістері туралы мәліметтер оларды төлем жүйесінің операторы бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде төлем жүйесі операторының интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Төлем жүйесі операторының тарифтеріне (көрсетілетін қызметтер құнына) өзгерістерді ол осындай өзгерістерді негіздейтін қаржылық есеп-қисаптардың негізінде енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, төлем жүйесінің операторы Қазақстан Республикасының аумағында төлем жүйесі жұмыс істей бастаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мынадай құжаттарды:

1) төлем жүйесі операторының атауы, пошталық мекенжайы және орналасқан жері туралы мәліметтерді;

1-1) төлем жүйесінің атауы қамтылған мәліметтерді;

2) атқарушы органның басшысы (мүшелері) туралы мәліметтерді;

3) осы баптың 4-тармағында көзделген құжаттар орналастырылған, төлем жүйесінің операторы интернет-ресурсының домендік аты туралы мәліметтерді;

4) төлем жүйесі операторының капиталында он пайыздан көп үлесі (акциясы) бар төлем жүйесі операторының құрылтайшылары (акционерлері) туралы мәліметтерді;

5) Қазақстан Республикасының аумағында төлем жүйесінің жұмыс істей бастаған күні қамтылған мәліметтерді бере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының аумағында меншікті төлем жүйесінің құрылғаны немесе Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік төлем жүйесі жұмыс істей

бастағаны туралы хабарлайды. Төлем жүйесі операторы төлем жүйесінің бірінші қатысушысымен жасасқан шарт күшіне енген күн жұмыс істеудің басталған күні деп түсініледі.

6. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлем жүйесіне, оның ішінде шетелдік төлем жүйесіне қатысқан жағдайда, осы банк (осы ұйым) төлем жүйесінің операторымен төлем жүйесіне қатысуға шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде солардың негізінде төлем жүйесіне, оның ішінде шетелдік төлем жүйесіне қатысу жүзеге асырылатын шарттардың көшірмелерін, сондай-ақ төлем жүйесінің атын, төлем жүйесі операторының атауы мен пошталық мекенжайын қамтитын мәліметтерді бере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осындай қатысу туралы жазбаша хабарлайды.

Шетелдік төлем жүйесіне қатысуды жүзеге асыруға негіз болған шартта (шарттарда), төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қоспағанда, банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша бенефициар мен жөнелтуші туралы мәліметтер мен ақпаратты алу тәртібі көзделуге тиіс.

7. Алып тасталды - ҚР 03.07.2020 № 359-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Төлем жүйелеріндегі ақша аударымы клиринг нәтижелері бойынша не бастамашының әрбір нұсқауын жеке-дара орындау арқылы жүргізіледі.

9. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымы төлем жүйесіне қатысушылардың қарсы ақшалай талаптары мен міндеттемелерін есепке жатқызу процесі аяқталғаннан кейін орын алады.

10. Банкаралық клиринг жүйесінде клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымы оған қатысушылардың ақшасы банкаралық ақша аударымдары жүйесінде пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

11. Бастамашының әрбір нұсқауын жеке-дара орындау арқылы ақша аударымы басқа нұсқаулар бойынша туындайтын өз құқықтары мен міндеттемелеріне қарамастан жүзеге асырылады.

12. Төлем жүйелеріне қатысушылардың төлем қабілетсіздігін реттеу тәртібі төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын аяқтау үшін ақша тарту әдістерін айқындауға тиіс.

Төлем жүйелеріне қатысушылардың төлем қабілетсіздігін реттеу тәртібіне қойылатын негізгі талаптар төлем жүйесінің операторы оларды бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде төлем жүйесі операторының интернет-ресурсында жариялануға жатады.

13. Төлем жүйесінің қағидаларын, осы қағидаларға өзгерістермен толықтыруларды, төлем жүйесі операторының тарифтерін (көрсетілетін қызметтер құнын) және осы

тарифтердің (көрсетілетін қызметтер құнының) барлық өзгерістерін төлем жүйесінің операторы және оған қатысушылар төлем жүйесі операторының интернет-ресурсында жарияланған күнінен ерте болмайтындай етіп қолданады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Төлем жүйелерінің түрлері, олардың маңыздылығын айқындаудың өлшемшарттары мен тәсілдері

1. Төлем жүйелері, оның ішінде шетелдік төлем жүйелері мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жүйелік маңызы бар төлем жүйесі;

2) маңызды төлем жүйесі;

3) өзге төлем жүйесі.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүйесі жиынтығында мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген кезде оны жүйелік маңызы бар төлем жүйесіне жатқызады:

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына және (немесе) Қазақстан Республикасының валюта нарығына қатысушылардың ақшалай міндеттемелері бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүргізіледі;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізуі мақсатындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйелік маңызы бар төлем жүйелеріне жатқызылған жүйелерді қоспағанда, төлем жүйесін ол мынадай өлшемшарттардың кез келгеніне сәйкес келген кезде маңызды төлем жүйесіне жатқызады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы ұлттық валютада төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы шетел валютасында төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша аударымдары жүйелері үшін белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары осы төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы төлем карточкаларымен есеп айырысулар бойынша банкаралық төлемдер осы төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

6) күнтізбелік жылдың басында айналыста болған төлем карточкаларының жалпы санынан осы төлем жүйесі шеңберінде шығарылған төлем карточкалары санының үлесі , сондай-ақ осындай төлем жүйесінде шығарылған төлем карточкалары пайдаланыла отырып, күнтізбелік жыл ішінде осы төлем жүйесі арқылы жүргізілген төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының жалпы көлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштерден кем болмайды.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүйесін жүйелік маңызы бар, маңызды немесе өзге төлем жүйесіне мынадай тәсілдердің бірінің негізінде:

1) күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін жүргізілген төлем жүйелерінің жұмыс істеуін талдау қорытындысы бойынша дербес;

2) төлем жүйесінің белгіленген маңыздылық өлшемшарттарына сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріле отырып, төлем жүйесі операторының жазбаша өтінішінің негізінде жатқызады.

5. Төлем жүйесі жүйелік маңызы бар, маңызды немесе өзге төлем жүйесіне жатқызылған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бес жұмыс күні ішінде:

1) осы төлем жүйесін жүйелік маңызы бар, маңызды немесе өзге төлем жүйесі ретінде төлем жүйелерінің тізіліміне енгізеді;

2) осы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялайды;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, төлем жүйесінің операторын төлем жүйесінің жүйелік маңызы бар, маңызды не өзге төлем жүйесіне жатқызылғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

6. Төлем жүйесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәліметтерді төлем жүйелерінің тізіліміне енгізген күннен бастап жүйелік маңызы бар, маңызды немесе өзге төлем жүйесіне жатқызылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 359-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Төлем жүйелерінде төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының аяқталуы (түпкілікті болуы)

1. Төлем және (немесе) ақша аударымы осы төлем және (немесе) аударым пайдасына жүзеге асырылған төлем жүйесіне қатысушыға ақша есепке жатқызылғаннан кейін төлем жүйесінде аяқталды (түпкілікті болды) деп есептеледі.

2. Жүйелік маңызы бар төлем жүйесінің операторы төлем және (немесе) ақша аударымы төлем жүйесіне келіп түскен кезде нұсқауларды дереу өңдеу мен орындауды көздейтін нақты уақыт режимінде немесе ағымдағы операциялық күннің соңына дейін төлем жүйесінде олардың аяқталуына (түпкілікті болуына) кепілдік береді.

3. Клиентке қатысты шығарылған соттың борышкер берешегін қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін қолдану, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы шешімінің көшірмелерін алғанға дейін төлем жүйесіне өз қатысушысы жіберген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары кері қайтарып алынбайтын және түпкілікті болып табылады, орындалуға және аяқталуға жатады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Төлем жүйесінің операторы және оған қатысушылар

1. Төлем жүйесінің операторы болып табылмайтын заңды тұлғаның өз атауында " төлем жүйесі" деген сөздерді және одан туындайтын, өзінің төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратынын көздейтін сөздерді пайдалануға құқығы жоқ.

Төлем жүйелері операторының функцияларын электрондық ақша жүйесі операторының функциясымен қоса атқаруға жол беріледі.

2. Төлем жүйесінің операторы:

1) төлем жүйесінің қағидаларын белгілейді және оларды төлем жүйелеріне қатысушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

2) төлем жүйесіне қатысушылардың (қатысушыларға) төлем және ақпараттық хабарларын өңдеуді және беруді, нұсқауларды жеке орындауды немесе клирингті жүзеге асырады;

3) төлем жүйесіне қатысушымен төлем жүйесіне қатысу туралы шарт жасасады;

4) төлем жүйесіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін айқындайды;

5) төлем жүйесі инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

6) ақпараттық қауіпсіздік шараларының және қызметтің үздіксіз болуының сақталуын қамтамасыз етеді;

7) төлем жүйесіне қатысушылардың өздері көрсететін қызметтерге тең және ашық қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

8) төлем жүйесі операторының қызметін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

9) төлем жүйесіне қатысушылармен жасалған шарттардың негізінде өзге де міндеттерді орындайды.

3. Төлем жүйесі операторының төлем жүйесінің операциялық орталығына операциялық және технологиялық функцияларды жүзеге асыруға тапсырма беруіне жол беріледі.

Операциялық функциялар осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген функцияларды қамтиды. Технологиялық функциялар осы баптың 2-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген функцияларды қамтиды.

4. Шетелдік төлем жүйесінің операторы төлем жүйесіне қатысушылар арасында ақша аударымдарын жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында банкаралық ақша аударымдары жүйесі не банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қамтамасыз етеді.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, жүйелік маңызы бар төлем жүйесінің не маңызды төлем жүйесінің операторы төлем жүйесінің жұмыс істеу процесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

1) төлем жүйесінің қағидаларына бекітілген өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай өзгерістер мен толықтырулар туралы;

2) төлем жүйесі операторы тарифтерінің (көрсетілетін қызметтер құнының) өзгеруі қолданысқа енгізілген күнге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай өзгерістер туралы мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторларына арналған талаптар

1. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы ішкі құжаттарда:

1) басқару органының өкілеттіктерін және жұмыс регламентін;

2) жоғары, атқарушы басқару органдарының өкілеттіктерін;

3) төлем жүйесіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін;

4) төлем жүйесіне қатысушылармен және төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынушы үшінші тұлғалармен дауларды сотқа дейін шешу тәртібін;

5) көрсетілетін қызметтердің сапасымен төлем жүйесіне қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру солар бойынша бағаланатын төлем жүйесі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету өлшемшарттарын айқындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы олар бекітілгеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

3. Төлем жүйесіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі:

1) тәуекелдерді анықтау, өлшеу, тәуекелдер мониторингі және оларды басқару;

2) төлем жүйесі қызметінің үздіксіз болуын қамтамасыз ету рәсімдерін айқындайды және төлем жүйесі операторының қызметін қалпына келтіру жоспарын қамтиды.

4. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы немесе операциялық орталығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған нысандар бойынша және тәртіппен мәліметтер мен есептерді, оның ішінде төлем жүйесіне қатысушының маңызды клиенттері жүзеге асырған төлемдердің көлемдері бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

5. Төлем жүйесіне қатысушы клиент, егер осы төлем жүйесі арқылы бір жылда жүзеге асырылған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының жалпы көлеміндегі оның үлесі он немесе оннан көп пайызды құраса, жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесіне қатысушының маңызды клиентіне жатады.

6. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы немесе операциялық орталығы:

1) төлем жүйелеріне қатысушылардың көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасына қанағаттануы тұрғысынан олардың қажеттіліктеріне талдау жүргізеді;

2) төлем жүйелеріне қатысушылармен кері байланыс тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

7. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы немесе операциялық орталығы жылына бір рет есепті кезеңнен кейінгі бірінші тоқсаннан кешіктірмей, есепті жылда келіп түскен өтініштер мен сұрау салуларды кері байланыс тетігі арқылы қарау нәтижелерін ескере отырып, қатысушылардың көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасына қанағаттануы тұрғысынан төлем жүйесінің жұмыс істеу тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижелерін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

8. Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы төлем жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан оның жұмыс істеуін:

1) жүйелік маңызы бар төлем жүйелері бойынша үш жылда бір реттен сиретпей;

2) маңызды төлем жүйелері бойынша бес жылда бір реттен сиретпей, өзіндік бағалауды жүргізеді.

Операциялық және технологиялық функцияларды жүзеге асыру жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операциялық орталығына тапсырылған жағдайда, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін өзіндік бағалауды жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы және операциялық орталығы бірлесіп жүргізеді.

Төлем жүйелерінің жұмыс істеуіне жүргізілген өзіндік бағалаудың нәтижелерін жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінің операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүйесінің операторы болатын жағдайларды қоспағанда, оны жүргізу аяқталғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

9. Төлем жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы ақпаратты көрсететін, төлем жүйесінің жұмыс істеуіне жүргізілген өзіндік бағалаудың негізгі нәтижелері жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының бағалау аяқталғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында жариялауына жатады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. КӨРСЕТІЛЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ

10-бап. Көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер

1. Көрсетілетін төлем қызметтерін мынадай берушілер:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

2) банктер;

3) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

4) пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыратын пошта операторы;

5) төлем ұйымдары;

6) төлем агенттері;

7) қосалқы төлем агенттері ұсынады.

2. Осы Заңның мақсаттары үшін банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар төлем ұйымдары, төлем агенттері және қосалқы төлем агенттері ретінде қаралмайды.

11-бап. Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерді айқындаудың өлшемшарттары мен тәсілдері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні ол мынадай өлшемшарттардың біріне сәйкес келген кезде көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызады:

1) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші Қазақстан Республикасының резиденттері операторлары болып табылатын жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

2) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші төлем карточкаларын шығару және Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде оларды пайдалана отырып операцияларды өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

3) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші электрондық ақшаны шығару, өтеу және оларды пайдалана отырып жүзеге асырылған операцияларды өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

4) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші төлем карточкаларын пайдаланбай, электрондық терминалдар және қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы төлемдерді жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

5) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші Қазақстан Республикасының аумағында және шет елге ақша аударымдары жүйесі арқылы ақша аудару бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

6) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші Қазақстан Республикасының аумағында және шет елге банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген көрсеткіштен кем емес көлемде жыл бойы қамтамасыз етеді;

7) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші мемлекеттік бюджеттен немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан зейнетақы төлемдерін, жәрдемақы төлемдерін, әлеуметтік және өзге де төлемдерді ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

8) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші Қазақстан Республикасының көрсетілетін төлем қызметтері нарығында көрсетілетін төлем қызметтерін өзге де берушілер ұсынбайтын көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерді көрсетілетін төлем қызметтері нарығына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге өзі дербес жатқызады.

3. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші маңыздылар қатарына жатқызылған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізіліміне енгізеді, көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні бес жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді және көрсетілген мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

4. Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды беруші:

1) басқару органының құрамын, өкілеттіктерін және жұмыс регламентін;

2) басшылық етуші органның өкілеттіктерін;

3) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушінің қызметіне тән тәуекелдерді басқару жүйесін;

4) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды беруші мен мүдделі тұлғалар арасындағы мүдделер қайшылығын шешу тәртібін;

5) клиенттердің көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы тұрғысындағы мақсаттар мен міндеттерді айқындайды.

5. Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушінің қызметіне тән тәуекелдерді басқару жүйесі:

1) тәуекелдерді анықтау, өлшеу, тәуекелдер мониторингі және оларды басқару рәсімдерін;

2) көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметтің үздіксіз болуын қамтамасыз ету рәсімдерін және оның қызметін қалпына келтіру жоспарын айқындайды.

6. Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды беруші:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өзі ұсынған көрсетілетін төлем қызметтері бойынша мәліметтерді ұсынады;

2) көрсетілетін қызметтер сапасына бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді және жүргізілген бағалау нәтижелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады

.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Көрсетілетін төлем қызметтерінің түрлері

1. Көрсетілетін төлем қызметтерінің түрлері:

1) банктік шотты пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтер;

2) банктік шоттарға, оның ішінде үшінші тұлғалардың банктік шоттарына есепке жатқызу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақша қабылдау бойынша көрсетілетін қызметтер;

4) банктік шотты ашпай ақша аударуды жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтер;

5) электрондық ақшаны шығару және өтеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

6) төлем карточкаларын шығару бойынша көрсетілетін қызметтер;

7) электрондық ақшаны және төлем карточкаларын өткізу (тарату) бойынша көрсетілетін қызметтер;

8) электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

9) клиент электрондық нысанда бастама жасаған төлемдерді өңдеу және төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру не осы төлемдер бойынша ақша қабылдау

үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпарат беру бойынша көрсетілетін қызметтер.

2. Көрсетілетін төлем қызметтеріне:

1) төлеушінің көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің қатысуынсыз жүзеге асырылатын міндеттемелері бар тұлғаға (тұлғаларға) төлемді жүзеге асыратын тұлғаның (төлеушінің) қолма-қол ақша беруі бойынша көрсетілетін қызметтер;

2) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) қайырымдылық немесе коммерциялық емес қызмет мақсатында ақша жинау және беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

4) банктік шотты ашпай қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтер;

5) көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуға технологиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін, оның ішінде деректерді өңдеуге және сақтауға, көрсетілетін төлем қызметтерін алушыларды аутентификаттауға, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну кезінде пайдаланылатын электрондық терминалдар мен жабдықтарды пайдалануға беруге және технологиялық қолдауға байланысты көрсетілетін қызметтер;

6) электрондық төлем құралдарының эмитенті ұсынатын не оның үй-жайларында ұсынылатын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған немесе тауардың немесе көрсетілетін қызметтің белгілі бір түрін тауардың немесе көрсетілетін қызметтің осы түрін берушімен (берушілермен) жасалған шарт негізінде сатып алуға арналған электрондық төлем құралдарын шығаруға және пайдалануға байланысты көрсетілетін қызметтер;

7) бенефициар дара кәсіпкер, заңды тұлға және көрсетілетін төлем қызметтерін беруші арасындағы соңғысының үшінші тұлғалардың қатысуынсыз төлеушілерден қабылданған төлемдер бойынша бенефициардың пайдасына ақша аударуды жүзеге асыруы кезінде ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін көрсетілетін қызметтер жатпайды.

13-бап. Көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну

1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясынсыз немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеусіз Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар төлем агенттерінің және қосалқы төлем агенттерінің, сондай-ақ өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің қызметіне қолданылмайды.

2. Көрсетілетін төлем қызметтерін:

1) осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көрсетілгендерді – банктер қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның клиенттердің банктік шоттарын ашу мен жүргізуге және аударым операцияларына арналған лицензиясы болған кезде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясынсыз қызметін жүзеге асыратын банктер;

2) осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді – осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерді қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның аударым операцияларына арналған лицензиясы болған кезде ұсынады. Бұл ретте:

осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйым қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның клиенттердің банктік шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясы болған кезде;

осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін – Ұлттық пошта операторы, сондай-ақ онда қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның клиенттердің банктік шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясы болған кезде осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген көрсетілетін төлем қызметін ұсынады;

3) пошта операторы осы баптың 12-тармағында белгіленген шарттарды сақтай отырып, пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынады.

Пошталық ақша аударымдары бойынша қызметтер көрсету тәртібі "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі;

4) төлем ұйымы есептік тіркеудің тіркеу нөмірі болған кезде осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 3), 7) – 9) тармақшаларында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін;

5) төлем агенті және қосалқы төлем агенті банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және төлем ұйымдары үшін рұқсат етілген көрсетілетін төлем қызметінің түрлері шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарт болған кезде осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында аталған көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынады.

3. Төлем ұйымы банкпен немесе төлем агентімен жасалған көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарт негізінде банктің төлем агенті не қосалқы

төлем агенті ретінде көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Төлем ұйымы қызметтерді берушімен жасалған шарт болған кезде осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынады.

Банкпен және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен жасалған көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарт болған кезде төлем ұйымының клиенттің банктік шотын ашпай бюджетке төлемдер қабылдау бойынша көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуына жол беріледі.

Төлем ұйымы төлем қызметтерін көрсету кезінде өзінің банктік шотын тек осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген төлем қызметтерін көрсету үшін ғана ақшаны есепке жатқызу мақсатында пайдаланады.

Осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген төлем қызметтерін көрсету шарттарында ақшаны төлем ұйымының банктік шотынан көрсетілетін қызметтер берушінің банктік шотына аудару тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ төлем ұйымына көрсетілетін төлем қызметін ұсынғаны үшін сыйақы беру тәртібі және төлем ұйымын көрсетілетін төлем қызметін ұсынуға тарту шарттары айқындалуға тиіс.

4. Көрсетілетін төлем қызметі клиент пен көрсетілетін төлем қызметтерін беруші арасында жасалған шарт негізінде көрсетіледі, онда мынадай елеулі талаптар болуға тиіс:

1) көрсетілетін төлем қызметтерінің түрлері және жалпы сипаттамасы;

2) көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынудың тәртібі және ең ұзақ мерзімі;

3) алынатын алымдар мен комиссиялардың мөлшері немесе осы ақпарат қамтылған интернет-ресурсты көрсету және оларды алу тәртібі;

4) көрсетілетін төлем қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі;

5) рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібі;

6) көрсетілетін төлем қызметін шетел валютасымен көрсету кезінде қолданылатын айырбастау бағамын айқындау тәртібі;

7) көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің көрсетілетін төлем қызметін ұсынудан бас тарту құқығы сақталатын шарттар;

8) рұқсат етілмеген көрсетілетін төлем қызметтері жөніндегі мәселелерді реттеу тәртібі;

9) клиенттің шартты бұзуға құқығы;

10) наразылықтар білдіру және даулы жағдайларды шешу тәртібі;

11) нұсқауды орындаудан негізсіз бас тартқаны және тиісінше орындамағаны үшін залалды өтеу бойынша төлемнің тәртібі мен мөлшері.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметін ұсыну кезінде қажетті қосымша талаптарды көздеуі мүмкін.

5. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші осы баптың 4-тармағында көзделген шарт талаптарын клиент үшін оларды жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші клиентті өздері арасындағы шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде комиссиялардың өзгергені туралы хабардар ететін халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылған кезде алынатын комиссияларды қоспағанда, көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметтері бойынша көрсетілетін төлем қызметтерін беруші мен клиент арасында шарт жасау күніне белгіленген комиссияны ұлғайту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы біржолғы тәртіппен көрсетілетін төлем қызметі бойынша клиентті көрсетілетін төлем қызметі ұсынылғанға дейін шарттың осы баптың 4-тармағында көзделген елеулі талаптарымен қазақ немесе орыс тілдерінде таныстыруды қамтамасыз етеді.

6. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну кезінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін төлем қызметін ұсынғанға дейін клиентке ұсынылатын көрсетілетін төлем қызметі бойынша көрсетілетін төлем қызметін беруші алатын ақшалай мәндегі комиссияның мөлшері туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді.

7. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші тек клиент нұсқауының шарттары негізінде және соған сәйкес көрсетілетін төлем қызметін ұсынады.

Көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің клиент нұсқауының шарттары мен деректемелерін өзгертуіне тыйым салынады.

8. Көрсетілетін төлем қызметтерін және ақпараттық көрсетілетін банктік қызметтерді алу үшін клиент өзінің банктік шотына қызмет ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің де, көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушінің де қашықтан қол жеткізу жүйесін пайдалануға құқылы.

9. Клиенттің көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушіден көрсетілетін төлем қызметтерін және ақпараттық көрсетілетін банктік қызметтерді алу құқықтарын іске асыру мақсатында клиенттің банктік шотына қызмет ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес клиенттің банктік шотына және ақпаратына қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

Осы тармақтың талабы клиенттердің банктік шоттарына қызмет көрсететін және интернет-ресурс арқылы электрондық банк қызметтерін ұсынбайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қолданылмайды.

10. Клиенттің банктік шотына қызмет ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін беруші клиенттің бұйрығы бойынша және оның сәйкестендіру құралдары арқылы

расталған келісімімен үшінші тұлғаларға клиенттің банктік шотының бар-жоғы, нөмірі және банктік шоты бойынша операциялар туралы ақпаратты беруге тиіс.

11. Комиссияны төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасынан шегеру арқылы алу талабы бенефициар және бенефициардың көрсетілетін төлем қызметтерін беруші арасындағы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін төлем қызметін ұсынғаны үшін комиссияны төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасынан алуға тыйым салынады. Бенефициардың көрсетілетін төлем қызметтерін беруші бенефициарды қабылданған төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы және одан жүргізілген шегерімдер туралы хабардар етеді.

12. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметін ұсыну кезінде мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес клиентке тиісінше тексеру мен сәйкестендіруді жүргізу;

2) төлем ұйымының осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көзделген қызметтерді көрсету жағдайларын қоспағанда, ақша жөнелтуші және бенефициар бойынша "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген деректемелердің төлем және (немесе) ақша аударымы туралы төлем құжатында болуы және оларды төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушыға беру;

3) ақша жөнелтушіні және (немесе) бенефициарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді көрсетілетін төлем қызметі ұсынылғаннан не клиенттің банктік шоты жабылғаннан кейін бес жыл бойы сақтау;

4) клиенттің сәйкестендіру құралдарының үшінші тұлғалардың қол жеткізуінен сақталуы.

13. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметін ұсынғаннан кейін (төлем карточкаларын шығару бойынша көрсетілетін төлем қызметін қоспағанда) клиентке көрсетілетін төлем қызметін ұсыну фактісін растайтын құжатты қағаз жеткізгіште не телекоммуникация желілері арқылы ұсынады.

Көрсетілетін төлем қызметін ұсынуды растайтын құжаттың мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

14. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды үшінші тұлғаларға ашуға жол бермейді.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну кезінде, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректер субъектісінің келісімімен дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.

15. Төлем ұйымына қызметтің мына түрлерін:

1) жылжымайтын мүлікті сатып алуды, сатуды, мүліктік жалдауды;

2) жарнамалық, маркетингтік, консультациялық және ақпараттық көрсетілетін қызметтерді;

3) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуді, бейімдеуді, түрлендіруді, техникалық қолдауды;

4) электрондық терминалдарды, төлемдер жөніндегі ақпаратты өңдеуге және беруге арналған басқа құрылғылар мен жабдықтарды сатып алуды, сатуды, мүліктік жалдауды ;

5) есептеу техникасын және ақпараттық технологияларды пайдалануға байланысты қызметті, оның ішінде ақпараттық-техникалық көрсетілетін қызметтерді, төлемдер жөніндегі деректерді өңдеу мен беру бойынша көрсетілетін қызметтерді, дерекқорлар мен ақпараттық ресурстарды құруды және пайдалануды;

6) логистика және курьерлік қызмет саласындағы агенттік және делдалдық қызметті орындауды қоса алғанда, осы салалардағы көрсетілетін қызметтерді;

7) ақпараттық жүйелер мен желілерді құруды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

8) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу мен іске асыруды;

9) электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растау бойынша көрсетілетін қызметтерді;

10) төлем жүйесіне қатысушы немесе оның операторы ретіндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

16. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші үшінші тұлғалармен аутсорсинг туралы шарт жасасуға құқылы.

Аутсорсинг кезінде көрсетілетін төлем қызметтерін беруші бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін аутсорсинг туралы шарт жасалған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

17. Аутсорсингке:

1) көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің осы Заңның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзу тәуекелі туындаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның көрсетілетін төлем қызметтері нарығын бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі жасаған;

2) егер үшінші тұлға көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуын қамтамасыз ету үшін қажетті талаптарға сай болмаған;

3) аутсорсинг және көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыру үшін көрсетілетін төлем қызметтерін берушіге қойылатын шарттар арасында қайшылықтар болған;

4) көрсетілетін төлем қызметтерін берушіге көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруге негіз болған шарттарды аутсорсинг жойған немесе өзгерткен;

5) үшінші тұлға аутсорсинг туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайларда жол берілмейді немесе ол тоқтатылады.

18. Аутсорсинг тәртібі көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің ішкі қағидаларында және аутсорсинг туралы шартқа сәйкес айқындалады.

Үшінші тұлғаның аутсорсинг туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін көрсетілетін төлем қызметтерін беруші азаматтық-құқықтық жауаптылықта болады. Көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынудың үздіксіздігі және сапасы, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтерін алушылардың мүдделері қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін төлем қызметтерін беруші қажет болған кезде аутсорсинг туралы шартты бұзады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Көрсетілетін төлем қызметтерін төлем агенттері және (немесе) қосалқы төлем агенттері арқылы көрсету кезінде қойылатын талаптар

1. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және төлем ұйымы клиенттерге көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарт негізінде төлем агенті немесе қосалқы төлем агенті арқылы көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуға құқылы.

Төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметін ұсынуға төлем агентін және қосалқы төлем агентін тартуға, егер осындай шарт қызметті берушімен жасалған шартта көзделсе, құқылы.

2. Төлем агенті және (немесе) қосалқы төлем агенті көрсетілетін төлем қызметін клиентке мынадай талаптар сақталған кезде ұсынады:

1) көрсетілетін төлем қызметін банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның немесе төлем ұйымының атынан ұсыну;

2) осы Заңның 13-бабының 12-тармағында көзделген шарттарды орындау;

3) клиентке көрсетілетін төлем қызметін ұсыну фактісін растайтын және қажетті деректемелерді қамтитын құжатты беру;

4) төлем агентінің банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен немесе төлем ұйымымен жасасқан шарттың талаптарына сәйкес, ал қосалқы төлем агентінің төлем агентімен жасасқан шартқа, сондай-ақ төлем агенті және банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы арасындағы шартқа сәйкес сыйақыны өндіріп алуы;

5) осы баптың 3-тармағында көзделген ақпаратты клиентке ұсыну.

3. Көрсетілетін төлем қызметін ұсыну басталғанға дейін төлем агенті және (немесе) қосалқы төлем агенті клиентке мынадай ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді:

1) көрсетілетін төлем қызметінің атауы және оны ұсыну орнының мекенжайы;

2) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, төлем ұйымының, төлем агентінің, сондай-ақ қосалқы төлем агентінің атауы, сәйкестендіру нөмірі, байланыс деректері (тұрған жері мен заңды мекенжайы, телефон нөмірі).

Дара кәсіпкер болып табылатын төлем агенті және қосалқы төлем агенті өздерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) туралы ақпаратты қосымша көрсетеді;

3) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензиясының нөмірі не төлем ұйымын есептік тіркеудің тіркеу нөмірі;

4) төлем агенті және (немесе) қосалқы төлем агенті клиенттен көрсетілетін төлем қызметін ұсыну кезінде ұстайтын сыйақы мөлшері (оны өндіріп алған жағдайда).

4. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және төлем ұйымы өздерінің төлем агенттерінің және қосалқы төлем агенттерінің тізілімдерін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, төлем ұйымының ішкі құжатында айқындалған тәртіппен жүргізуге тиіс.

5. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен, төлем агенті тартылған қосалқы төлем агенттері туралы ақпаратты оларды көрсетілген тізілімге енгізу мақсатында оны банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға немесе төлем ұйымына ұсынуды қамтамасыз етеді.

6. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, төлем ұйымы төлем агентінің Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ төлем агенті мен банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, төлем ұйымы арасындағы шартта белгіленген көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну шарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бақылауды жүзеге асыру тәртібі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, төлем ұйымы және төлем агенті арасындағы шартта не банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және төлем ұйымының ішкі қағидаларында белгіленеді.

7. Төлем агенті қосалқы төлем агентінің Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын және төлем агенті мен банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және төлем ұйымы арасындағы шартта белгіленген көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну шарттарын сақтауын бақылауды төлем агенті және (немесе) қосалқы төлем агенті арасындағы, сондай-ақ төлем агенті және банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы арасындағы шартта айқындалған тәртіппен жүзеге асыруға міндетті.

8. Көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарттарды жасасқан банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, төлем ұйымы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осы көрсетілетін қызметтер туралы, сондай-ақ өздерінің төлем агенттері және қосалқы төлем агенттері туралы мәліметтерді ұсынады.

9. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, төлем ұйымы төлем агенті мен қосалқы төлем агентінің міндеттемелері бойынша клиент алдында көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну жөніндегі агенттік шарттар жасасқан төлем агентімен және қосалқы төлем агентімен ортақ жауаптылықта болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Төлем ұйымын құру

1. Төлем ұйымы ретінде тіркелмеген заңды тұлғаның өзі атауында "төлем ұйымы" деген сөздерді, оның көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруын көздейтін, одан туындайтын сөздерді пайдалануға құқығы жоқ.

2. Төлем ұйымы өзінің филиалдарын, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде ашуға құқылы.

Төлем ұйымы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен өздерінің филиалдарын ашу туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін хабардар етеді.

3. Төлем ұйымы бухгалтерлік есеп және есептілікті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді.

15-1-бап. Төлем ұйымының жарғылық капиталын қалыптастыру

1. Төлем ұйымы жарғылық капиталының ең төмен мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді және төлем ұйымы есептік тіркеуден өту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтініш жасағанға дейін қалыптастырылады.

2. Төлем ұйымының жарғылық капиталы тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен қалыптастырылады.

Ескерту. 3-тарау 15-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.07.2020 № 359-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Төлем ұйымын есептік тіркеу

1. Төлем ұйымдарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеу олардың қызметін реттеу мен бақылау мақсатында жүзеге асырылады және төлем ұйымының көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуы кезінде міндетті шарт болып табылады. Төлем ұйымының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өтпей жүзеге асыратын көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну бойынша қызметі заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Төлем ұйымы есептік тіркеуден өту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайтын нысан бойынша, оның ішінде атқарушы орган басшысы (мүшелері) туралы мәліметтерді (дипломның (дипломдардың) және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелерін қоса бере отырып) қамтитын өтінішті;

1-1) жарғылық капиталдың қалыптастырылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

2) төлем ұйымы қызметті үлгілік жарғы бойынша жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, жарғыны;

3) төлем ұйымының көрсетілетін төлем қызметтері бойынша ақша аударымын жүзеге асыратын тиісті банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайтын құжатты;

4) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) төлем ұйымының басқару органы бекіткен, төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларын ұсынады.

Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларының міндетті шарттарының тізбесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

8) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымының есептік тіркеуден өтуге арналған өтінішін осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесін ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымы есептік тіркеуден өткен кезінде төлем ұйымына тіркеу нөмірін береді, төлем ұйымдарының тізіліміне жазбаны жүзеге асырады, төлем ұйымына тіркеу нөмірін көрсете отырып, есептік тіркеуден өткені туралы жазбаша нысандағы хабарламаны осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімде жібереді.

Есептік тіркеуден бас тартылған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымына бас тарту себептерін көрсете отырып, есептік тіркеуден бас тарту туралы жазбаша нысандағы хабарламаны осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімде жібереді.

5. Есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізілімі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Төлем ұйымы өзінің тіркеу нөмірін төлем ұйымы туралы ақпаратты ұсыну кезінде көрсетуге міндетті.

7. Төлем ұйымы есептік тіркеу жүргізуіне негіз болған құжаттарға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы осы өзгерістер енгізілгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тартуға негіздер

1. Төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту:

1) осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарда көрсетілуге тиіс мәліметтер толық және (немесе) анық ұсынылмаған;

2) құжаттардың толық тізбесі ұсынылмаған немесе құжаттар осы Заңның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келмеген;

3) егер төлем ұйымы атқарушы органының басшысы осы Заңның 19-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

4) егер төлем ұйымы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап бір жыл ішінде есептік тіркеуден өту туралы өтініш бермеген жағдайларда жүргізіледі.

2. Есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда, заңды тұлға төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тартуға алып келген себептер жойылған кезде есептік тіркеуге қайта өтініш беруге немесе өзінің атауын өзгерту не қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тартуға алып келген себептердің жойылмауы көрсетілген өтінішті қайта қараудан бас тартуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта берілген өтінішті он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастауға негіздер

1. Төлем ұйымы:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) ұсынбаған;

2) төлем ұйымын есептік тіркеу туралы шешім қабылдауға әсер ететін көрсетілетін төлем қызметтері туралы анық емес мәліметтерді не осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарда көрсетілуге жататын анық емес мәліметтерді ұсынған;

3) Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) орындамаған;

4) төлем ұйымы қызметін төлем ұйымдарының тізіліміне енгізілген күннен бастап қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде жүзеге асырмаған немесе өз қызметін қатарынан алты айдан астам кезеңге тоқтатқан;

5) осы Заңның 17-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген мән-жайлар анықталған;

6) төлем ұйымының қызметін тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

7) төлем ұйымы қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген;

8) төлем ұйымы қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) немесе тарату арқылы өзінің қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайларда төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталады. Бұл ретте төлем ұйымы төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы өтініш бергенге дейін өзінің барлық міндеттемелерін орындайды. Өтінішке бір мезгілде барлық міндеттемелердің орындалуын растау туралы хат қоса беріледі;

9) төлем ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан тексеру жүргізуге кедергі келтірген не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нұсқамаларын орындамаған;

10) мұндай алып тастау көрсетілетін төлем қызметтерін алушылардың мүдделеріне нұқсан келтіруге ықпал ететін жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынудан бас тартқан жағдайда төлем ұйымының өтініші келіп түскен жағдайларда төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталады.

2. Төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алып тасталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы ақпаратты төлем ұйымын жазбаша хабардар етеді және өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

Хабарлама төлем ұйымының орналасқан жері не есептік тіркеуден өтуге арналған өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем ұйымын төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем ұйымын төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы шешіміне шағым жасау бұл шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

4. Төлем ұйымына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзін төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынуға тыйым салынады.

5. Төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталған жағдайда, төлем ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы хабардар еткен кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде атауында " төлем ұйымы" деген сөздер болған кезде оны өзгерту не төлем ұйымын қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім қабылдауға міндетті.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 359-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Төлем ұйымының атқарушы органының басшысына қойылатын талаптар

1. Төлем ұйымының атқарушы органы басшысының жоғары білімі болуға тиіс.

2. Мынадай:

1) таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімдер қабылданғанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылған;

1-1) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталған төлем ұйымы атқарушы органының бұрын басшысы болып табылған адамды төлем ұйымы атқарушы органының басшысы етіп сайлауға немесе тағайындауға тыйым салынады.

Осы тармақшада көрсетілген негіз төлем ұйымдарының тізілімінен төлем ұйымы алып тасталған күннен бастап қатарынан күнтізбелік бес жыл бойы қолданылады.

2) алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар адамды төлем ұйымы атқарушы органының басшысы етіп сайлауға немесе тағайындауға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, егер:

1) адам осы баптың талаптарына сай келмесе;

2) төлем ұйымы төлем ұйымының атқарушы органының басшысы туралы анық емес мәліметтер не жалған құжаттар берсе, төлем ұйымы атқарушы органының басшысын ауыстыру туралы нұсқама шығарады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 359-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Төлем ұйымын қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру)

1. Төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімімен төлем ұйымдары акционерлерінің (қатысушыларының) шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне келісуге:

1) төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім;

2) төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастырудың ықтимал шарттарын, нысандарын, тәртібін және мерзімдерін сипаттайтын құжаттар;

3) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) қайта ұйымдастырылатын төлем ұйымдарының атқарушы органдарының басшылары қол қойған біріктіру (қосу) туралы шарт;

5) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудиторлық есепті;

6) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған қызметті жүзеге асыру қағидалары ұсынылады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы баптың 2-тармағында көрсетілген , ұсынылған құжаттарды қарайды және олар ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабарлама жібереді.

4. Қайта ұйымдастырылатын төлем ұйымдары ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды жариялау арқылы өздерінің барлық клиенттеріне және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге жүргізілетін қайта ұйымдастыру туралы хабарлауға міндетті.

5. Ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған төлем ұйымын есептік тіркеу осы Заңның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6. Қайта ұйымдастырылған төлем ұйымдарын тізілімнен алып тастау ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған төлем ұйымы төлем ұйымдарының тізіліміне енгізілген күні бір мезгілде жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) егер ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған төлем ұйымының атқарушы органының басшысы осы Заңның 19-бабының талаптарына сай келмейтін;

2) егер төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыру көрсетілетін төлем қызметтері нарығына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға кедергі келтіретін, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтерін алушылардың мүдделеріне зиян келтіретін жағдайларда, төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға келісім беруден бас тартады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАДАҒАЛАУ (ОВЕРСАЙТ), КӨРСЕТІЛЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ

21-бап. Төлем жүйелерін реттеу және оларды қадағалау (оверсайт)

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төлем жүйелерін реттеу мақсатында:

1) төлем жүйелерін қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының аумағында төлем жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

3) маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін бекітеді;

4) төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Төлем жүйелерін қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) жүйелік маңызы бар төлем жүйелерінің мониторингін жүзеге асырады;

2) жүйелік маңызы бар, маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеуін халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан талдауды және бағалауды, оның ішінде төлем жүйесіне қатысушы маңызды клиенттердің төлем жүйелерінің жұмысына әсерін талдауды жүзеге асырады;

3) бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялардың нәтижелері бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын талдауды жүзеге асырады;

4) операторлардан, операциялық орталықтардан және төлем жүйелеріне қатысушылардан төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, төлем жүйелерінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша ақпарат, оның ішінде жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйелері арқылы жүргізілген, көрсетілген төлем жүйелеріне қатысушы маңызды клиенттер жүзеге асырған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының көлемдері жөніндегі мәліметтер алады;

5) жүйелік маңызы бар және маңызды төлем жүйелері операторларының және (немесе) операциялық орталықтарының, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қызметтер көрсетуге уәкілеттік берілген кез келген өзге де тұлғаның қызметіне "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізеді;

6) жүйелік маңызы бар төлем жүйелеріне қатысушылардың ұйымдастыру шараларына және жүйелік маңызы бар төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды орындауын байқауды жүзеге асырады;

7) жүйелік маңызы бар, маңызды және өзге төлем жүйелерінің тізілімдерін жүргізеді және өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

3. Төлем жүйелерін қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік органдармен, төлем жүйелері операторларымен және оларға қатысушылармен және Қазақстан Республикасының өзге де қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйелік маңызы бар, маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеуіне бағалау жүргізген кезде шет мемлекеттердің төлем жүйелерінде орталық банктермен және өзге де қадағалау (оверсайт) органдарымен, халықаралық ұйымдармен, оның ішінде ынтымақтастық туралы келісімдер (шарттар, меморандумдар) жасасу арқылы ынтымақтастық жасайды.

22-бап. Жүйелік маңызы бар төлем жүйелерінің мониторингі, жүйелік маңызы бар, маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеуін талдау және бағалау

1. Жүйелік маңызы бар төлем жүйелерінің мониторингін, жүйелік маңызы бар, маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеуін талдауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйелерінің операторларынан, операциялық орталықтарынан және оларға қатысушылардан алатын ақпарат негізінде жүзеге асырады.

Жүйелік маңызы бар, маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеуін халықаралық стандарттарға сәйкестігі бойынша бағалауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қажет болған кезде жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйелерінің операторымен, операциялық орталығымен бірлесіп, халықаралық қаржы ұйымдарының мамандарын тарта отырып не оларды тартпастан жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алынған ақпаратқа талдау мен тиісті есептілікті және қадағалаудың (оверсайттың) өзге де нәтижелерін қалыптастыруды жүзеге асырады. Жүргізілген талдаудың жиынтық нәтижелері жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылады.

23-бап. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығын реттеу, оларды бақылау мен қадағалау

Ескерту. 23-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) көрсетілетін төлем қызметтерін беруші көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызылатын көрсеткіштерді бекітеді;

2) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды;

3) көрсетілетін төлем қызметтері нарығының жұмыс істеу тиімділігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлейді.

2. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығын бақылау мен қадағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) көрсетілетін төлем қызметтері нарығын талдауды жүзеге асырады;

2) төлем құралдарының қолданылуын талдауды жүзеге асырады;

3) көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер ұсынатын қызметтерді талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

4) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерден олар ұсынған көрсетілетін төлем қызметтері бойынша мәліметтер алады;

5) көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерден көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзге де ақпаратты алады;

6) төлем ұйымдарын есептік тіркеуді жүзеге асырады;

7) төлем ұйымдарының тізілімін жүргізеді;

8) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

9) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің (бұдан әрі – көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілері), төлем жүйелері операторларының және төлем жүйелері операциялық орталықтарының Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

10) төлем жүйелері операторларының, төлем жүйелері операциялық орталықтарының және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізеді.

2-1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады және олардың қызметіне тексерулер жүргізеді.

3. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығын реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шет мемлекеттердің орталық банктерімен және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын өзге де қадағалау органдарымен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Төлем жүйелері операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды қолдану

Ескерту. 24-баптың тақырыбына өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларды қолданады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шетелдік төлем жүйелеріне қатысуын, Қазақстан Республикасының аумағындағы төлем жүйелерінің жұмыс істеуін , төлем ұйымдарының қызметін, егер осы төлем жүйесінің одан әрі жұмыс істеуі немесе төлем ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен тоқтата тұрады.

3. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін, төлем ұйымдарының қызметін, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шетелдік төлем жүйелеріне қатысуын қайта бастау олардың қызметінің тоқтатыла тұру себептері жойылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті төлем жүйесінің операторын, төлем ұйымын, банкті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жіберілген олардың жұмыс істеуі мен тиісінше қатысуын қайта бастау мүмкіндігі туралы жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады.

4. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты "Қазақстан Республикасындағы

банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қадағалап ден қою шараларын қолданады.

5. Төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға құқылы:

1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беру;

2) жазбаша ескерту шығару;

3) жазбаша келісім жасау.

6. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындалуы міндетті түзету шараларын қолдануға және (немесе) анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттілігіне қатысты нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің және (немесе) жағдайлардың сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша нұсқамасына сотқа шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы ескерту шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының ұқсас бұзушылығын анықтаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы хабарламасы жазбаша ескерту болып табылады.

8. Анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою қажеттігі туралы және жою мерзімдерін көрсете отырып, осы бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі шаралар тізбесін және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі анықталған бұзушылықтар және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептер, сондай-ақ жағдайлар жойылғанға дейін өзіне қабылдайтын шектеулердің тізбесін бекіту туралы жазбаша келісім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі арасында жасалған жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі тарапынан міндетті түрде қол қойылуға жатады.

9. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы құжатында көрсетілген мерзімдерде шектеулі ықпал ету шарасын орындағаны туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін хабардар етуге міндетті.

10. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне бұрын оған қолданылған ықпал ету шараларына немесе санкцияларға қарамастан, осы бапта айқындалған шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

12. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне байланысты емес себептер бойынша бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы, іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау жөніндегі мерзімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұзартуы мүмкін.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) АҚША АУДАРЫМДАРЫ

25-бап. Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары

1. Төлемдер азаматтық-құқықтық мәмілелер шарттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен сот шешімдерінің негізінде және соларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары төлем құралдары негізінде немесе олар пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Төлем құжаттарының нысандары, міндетті деректемелері және олардың мазмұнына қойылатын басқа да талаптар, электрондық төлемдер құралдарын пайдалану ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мәліметтер мен деректемелер көрсетілетін төлем қызметтерін беруші не төлем жүйесінің операторы беретін штрих код түрінде ұсынылуы мүмкін.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші немесе төлем жүйесінің операторы кәсіпкерлік қызмет шеңберінде ұсынылған тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді жүзеге асыру үшін беретін штрих кодтың ұлттық стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп әзірлейді. Штрих кодты пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру үшін ұйымның Штрих кодтың ұлттық стандартына қайшы келмейтін өзге де стандарттары пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, штрих кодты пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын деректемелердің банктік құпияны қамтымайтын ең аз тізбесін белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер және (немесе) ақша аударымдары қолма-қол ақшаны пайдалана отырып та, сондай-ақ оларды пайдаланбастан (қолма-қол ақшасыз төлемдер) да мынадай:

1) қолма-қол ақша беру;

2) электрондық ақша беру;

3) төлем құжаттарын пайдалана отырып ақша аудару;

4) ақшалай міндеттеме немесе ақша төлеу туралы бұйрық қамтылатын төлем құжатын беру;

5) электрондық төлем құралдарын пайдалану тәсілдерімен жүзеге асырылады.

4. Төлемге және (немесе) ақша аударымына бастамашылық жасау:

1) бастамашының төлем құжатын көрсетуі;

2) ұстаушының электрондық төлем құралдарын пайдалануы;

3) бастамашының электрондық терминалдар мен өзге де құрылғылар арқылы ақша аудару үшін қолма-қол ақшаны енгізуі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 31.12.2021 № 100-VII (01.03.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) бастамашының төлемді қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы жүзеге асыруға келісімді жіберуі арқылы жүргізіледі.

5. Қолма-қол ақшамен төлемдер төлемді жүзеге асыратын тұлғаның заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар және (немесе) монеталар түріндегі қолма-қол ақшаны осы тұлғаның ақшалай міндеттемесі бар тұлғаға нақты беруі болып табылады.

6. Қолма-қол ақшамен төлемдер ақшалай міндеттемесі орындалып отырған тұлғаға тікелей не делдал арқылы жүзеге асырылады.

7. Қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары банктік шоттарды пайдалана отырып, сондай-ақ оларды пайдаланбастан теңгемен және шетел валютасымен төлем құралдары негізінде осы Заңда және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Заңды тұлғалар, заңды тұлғаның филиалдары немесе өкілдіктері көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер арқылы жүзеге асыратын төлемдер және (немесе) ақша аударымдары банктік шоттар және (немесе) электрондық әмияндар пайдаланылып қана жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі заңды тұлғалардың бюджетке төлемдерді, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үшін төлемдерді, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды төлеуіне қолданылмайды.

9. Сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір мың еселенген мөлшерінен асатын мәміле бойынша төлемдерді қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрған дара кәсіпкерлер немесе қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрған басқа дара кәсіпкердің пайдасына заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалар қолма-қол ақшасыз тәртіппен ғана жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР 20.06.2017 № 76-VI Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Банктер "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы мемлекеттік органдарға, соттарға бюджетке төлемдер төлеумен, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды аударумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеумен байланысты жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы мәліметтер мен ақпаратты береді.

10-1. Алып тасталды - ҚР 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11. Ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде болатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өз қызметін жүзеге асыратын орындарда төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) орнатуды және қолдануды және (немесе) лездік төлемдер жүйесін пайдалана отырып, төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға және (немесе) лездік төлемдер жүйесін пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдану тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған жағдайларда және тәртіппен төлем ұйымдарының лездік төлемдер жүйесіне қатысуына жол беріледі.

Лездік төлемдер жүйесі арқылы төлемдерді жүзеге асыру кезінде бенефициардың пайдасына ақшаны есепке жатқызуды бенефициарға қызмет көрсететін төлем қызметтерін беруші – лездік режимде лездік төлемдер жүйесіне қатысушы қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер арасында ақша аудару (түпкілікті есеп айырысу) лездік төлемдер жүйесі арқылы клиринг нәтижелері бойынша жасалады және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ақшамен қамтамасыз етіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар сауда операцияларын, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүргізу кезінде ақшалай есеп айырысуды қолма-қол ақшаны пайдаланбай жүзеге асыратын дара кәсіпкерге және (немесе) заңды тұлғаға қолданылмайды.

12. Бенефициардың пайдасына ақша аударуды банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ақша аударымдары жүйелерін пайдалану арқылы ұлттық немесе шетел валютасымен жүзеге асыра алады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бенефициардың пайдасына ақша аударуды жүзеге асыруды ақша аударымдары жүйесінің форматтары мен қағидаларына сәйкес қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 25.12.2017 № 122-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.04.2019 № 241-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Орталық депозитарийдің функцияларын орындайтын мамандандырылған коммерциялық емес ұйымның қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру ерекшеліктері

Ескерту. 26-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қаржы құралдарымен мәміле бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын " Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес орталық депозитарийдің функцияларын орындайтын мамандандырылған коммерциялық емес

ұйым (бұдан әрі – орталық депозитарий) клиент пен орталық депозитарийдің арасындағы:

1) орталық депозитарийде ашылған клиенттің банктік шоты бойынша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған клиенттің корреспонденттік шоты бойынша жасалған шарттың негізінде жүзеге асырады.

2. Клиенттің орталық депозитарийде ашылған банктік шоты бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы қаржы құралдарымен мәмілені немесе орталық депозитарийдегі банктік шоттарының есебінде бар қаржы құралдарына байланысты өзге де операцияларды тіркеу кезінде орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес орталық депозитарийдің төлем құжатын қалыптастыруы арқылы:

1) егер клиенттің қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге бұйрығын жөнелтуші клиенттің қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуге бұйрығының негізінде орталық депозитарийге оның банктік шотынан ақшаны есептен шығару құқығын берген жағдайда, осындай бұйрықтың;

2) егер ақша жөнелтуші сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуге бұйрығының негізінде орталық депозитарийге оның банктік шотынан ақшаны есептен шығару құқығын берген жағдайда, сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге бұйрығының;

3) егер ақша жөнелтуші клирингтік ұйымның бұйрығы негізінде орталық депозитарийге оның банктік шотынан ақшаны есептен шығару құқығын берген жағдайда, клирингтік ұйымның клирингтік сессия қорытындылары бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

3. Қаржы құралдарымен мәміле бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін немесе жүйелік маңызы бар төлем жүйесі арқылы қаржы құралдарына байланысты өзге де операцияларды тіркеу кезінде клиент жүйелік маңызы бар төлем жүйесінде орталық депозитарийдің төлем құжатын орындаған кезде жүйелік маңызы бар төлем жүйесінің операторына не операциялық орталығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған оның корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығаруға келісім береді.

Орталық депозитарий жүйелік маңызы бар төлем жүйесіне орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес:

1) егер клиенттің қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге бұйрығын жөнелтуші клиенттің қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуге бұйрығының негізінде орталық депозитарийге оның корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығару құқығын берген жағдайда, осындай бұйрықтың;

2) егер ақша жөнелтуші сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуге бұйрығының негізінде орталық депозитарийге оның корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығару құқығын берген жағдайда,

сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге бұйрығының;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйелік маңызы бар төлем жүйесіне қатысушыларға бағалы қағаздармен қамтамасыз ете отырып, банктік қарыз берген жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге біржақты бұйрығының негізінде төлем құжатын жібереді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Банктік шоттар

1. Банктік шот клиент пен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арасында банктік шот шарты, корреспонденттік шот шарты және (немесе) банктік салым шарты жасалған кезде ашылады.

Ағымдағы немесе корреспонденттік шотты немесе банктік салымды ашу кезінде жасалатын шарт осы Заңның 13-бабының 4-тармағында көзделген көрсетілетін төлем қызметін ұсыну кезінде жасалатын шарт болып табылады. Клиентпен жасалатын өзге шарттарда көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынудың талаптарын белгілеуге жол беріледі.

Клиенттің банктік шот ашу туралы электрондық нысанда жіберген өтінішінің негізінде банктік шот шарты жасалғанға дейін банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиентке жеке сәйкестендіру кодын беруіне жол беріледі. Бұл ретте банктік шот клиент пен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арасында банктік шот шарты жасалғаннан кейін ашылды деп есептеледі. Клиент банктік шот шартын жасамаған жағдайда, банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жеке сәйкестендіру кодын жояды.

2. Банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға :

1) егер клиенттің банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банктік шотына берілген уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, үшінші тұлғалардың банктік шоттан ақшаны алып қою туралы талаптары болған және (немесе) оның банктік шотындағы ақшаға тыйым салынған жағдайларда, банктік шотта тыйым салынатын ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде клиентке жаңа банктік шот;

2) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган банкке немесе банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ол туралы ақпарат берілген әрекетсіз салық төлеушіге банктік шот;

3) анонимдік банктік шот немесе ойдан шығарылған атқа банктік шот;

4) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда клиентке банктік шот ашуға тыйым салынады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларының ережелері клиентке - жеке тұлғаға мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шот ашу жағдайларына қолданылмайды.

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының бей- резидент банктерімен жасалған шарттардың және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарын орындау шеңберінде банктік шот ашудан бас тартуына жол беріледі.

4. Банктік шоттар клиенттердің ағымдағы және жинақ шоттары, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары болып бөлінеді.

5. Клиенттің ағымдағы шоты бойынша:

1) банктің клиент ақшасының болуын қамтамасыз етуіне және оны пайдалануына;

2) клиенттің пайдасына ақшаны қабылдауға (есепке жатқызуына);

3) банктік шот шартында көзделген тәртіппен ақшаны үшінші тұлғалардың пайдасына аудару туралы клиенттің нұсқауын орындауға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) банктік шот шартында көзделген негіздер бойынша клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындауға;

5) көрсетілген шартта және осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда клиенттен қолма-қол ақша қабылдауды және оған беруді жүзеге асыруға;

6) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) клиенттің талабы бойынша клиенттің банктегі ақша сомасы және банктік шот шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізілген операциялар туралы ақпарат беруге;

8) клиентке банктік шот шартында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банк қызметін көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар орындалады.

6. Клиенттің жинақ шоты бойынша:

1) банктің клиентке тиесілі ақшаның болуын қамтамасыз етуіне және оны пайдалануына;

2) клиенттен немесе үшінші тұлғалардан ақшаны қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да тәсілмен қабылдауды жүзеге асыруға;

3) банктік салым шартында айқындалатын мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

4) банктік салым шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптармен, оның ішінде оларды клиенттің басқа банктік шотына аудару жолымен клиентке ақшаны қайтаруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) банктік шот шартында көзделген негіздер бойынша клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың нұсқауын орындауға байланысты операциялар орындалады.

7. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның корреспонденттік шоты бойынша:

1) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның немесе оның клиенттерінің пайдасына келіп түсетін ақшаны қабылдауға (есепке жатқызуға);

2) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның немесе оның клиенттерінің міндеттемелерін орындау мақсатында банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға не үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы нұсқауын орындауға;

3) көрсетілген шартта және осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға корреспонденттік шоттан қолма-қол ақша қабылдауды және оны беруді жүзеге асыруға ;

4) корреспонденттік шот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге байланысты операциялар орындалады.

Корреспонденттік шоттар банктер арасында, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында, банктер мен Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдары арасында ашылады.

7-1. Банктік шоттардан қолма-қол ақша беру кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақша алу қағидаларына сәйкес және, егер аз мөлшер банктік шот шартында көзделмесе және оны Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға

қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржы мониторингі субъектісі белгілемесе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісінде айқындалған сомалар мөлшері шегінде жүзеге асырылады.

8. Осы баптың 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген операциялар жүргізілмейтін, сондай-ақ банктегі немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы бухгалтерлік есептің позицияларын көрсететін шоттар, баланстық шоттың құрауыштары болып табылатын жеке шоттар (қосалқы позициялар), оның ішінде несиелік шоттар банктік шоттар болып табылмайды.

9. Клиентке "эскроу-шот" режимінде банктік шот ашуға рұқсат етіледі.

Атына эскроу-шот ашылған тұлға клиент айқындаған шарттарды орындамаған және банктік шот шарты бойынша мұндай талаптардың басталу немесе орындалу мерзімі аяқталған жағдайларда, банк эскроу-шот ашқан клиентке ақшаны қайтарады.

Эскроу-шоттағы ақшаға эскроу-шот шартының талаптарына байланысты іс жөніндегі сот актісі бойынша ғана тыйым салуға және өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

10. Клиенттердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы ақшасына өндіріп алу қолданылған жағдайда, мұндай өндіріп алу клиенттердің банктік шоттарынан ғана жүргізіледі.

Банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақшаға өндіріп алуды қолдану банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өз міндеттемелері бойынша ғана жүргізіледі.

Мыналарға:

1) мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2-1) тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттардағы ақшаға;

3) нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

4) "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;

5) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

7) төлем талаптары негізінде банктік қарыздар бойынша клиенттердің алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шоттарындағы ақшасына;

8) жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) берілген банктік қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын жинақ шоттарындағы ақшаға, төлем талаптары негізінде осындай банктік қарыздар бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде, өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы тармақтың үшінші бөлігі 6) тармақшасының ережесі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптар бойынша ақшаны алып қоюға қолданылмайды.

11. Уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы тиісті шешімдері және (немесе) өкімдері не терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, сондай-ақ террористік әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізіміне енгізілген ұйымдар мен жеке тұлғалар туралы уәкілетті органның ақпараты негізінде ақша жөнелтушінің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, сондай-ақ мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілер негізінде мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою , клиенттің ақшасына тыйым салу туралы актілер негізінде ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттар бойынша, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттардағы ақшаға, инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға, сондай-ақ нотариус депозиті шарттарында енгізілген, " Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ақшасына, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және қызметін мәжбүрлеп тоқтату процесінде тұрған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының ақшасына тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтата тұруға, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қоюға, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеулер қоюға жол берілмейді.

Осы тармақтың екінші бөлігінің ережесі лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары қоятын шектеулерге қолданылмайды.

12. Клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операциялары уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды адам банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою

туралы актіні кері қайтарып алғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" және "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен қайта басталады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақты екінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР 24.06.2021 № 52-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Клиенттің банктік шотындағы ақшаға салынған тыйым клиенттің ақшасына тыйым салу құқығы бар тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы бұрын өзі қабылдаған актінің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламасы негізінде не банктік шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйымды орындау үшін берілген инкассолық өкімді банк орындағаннан кейін не "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда алынады.

Ақша жөнелтушінің банкі осы Заңда айқындалған тәртіппен клиенттің банктік шоты жабылған кезде банктік шотқа қойылатын орындалмаған талаптарды, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілерді, клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерін және (немесе) өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салу құқығы бар тұлғалардың клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілерін орындамастан қайтарады.

13. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы акт, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және(немесе) өкімдері, клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер келіп түскен кездегі банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның әрекет ету тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 30.06.2017 № 80-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 114-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

28-бап. Банктік шотты жабу

1. Клиенттің банктік шотын жабуды клиенттің өтініші бойынша немесе осы Заңның 29-бабында көзделген тәртіппен банктік шот шартының, банктік салым шартының қолданылуы тоқтатылған не оларды орындаудан бас тартылған жағдайларда банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өзі дербес жүзеге асырады.

Осы Заңның 29-бабының 3-тармағында көзделген, банктік шотқа қойылған орындалмаған талаптар болған кезде клиенттің өтініші бойынша банктік шотты жабуға жол берілмейді.

2. Банктік шот шартының және банктік салым шартының қолданылуы клиенттің - заңды тұлғаның таратылуына байланысты оның қызметі тоқтатылған жағдайда тоқтатылады. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиенттің заңды тұлғаның банктік шотын жабуды Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы енгізілген мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

29-бап. Банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан біржақты бас тарту негіздері мен тәртібі

1. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым:

1) клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмаған;

2) клиенттің банктік шотында (жинақ шотын, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда) бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған;

3) Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерімен жасалған шартта көзделген жағдайларда, банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

2. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы Заңда және "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тартады.

3. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның:

1) банктік шотқа қойылатын орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер;

2) клиенттің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

4. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайлар болған кезде клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмаған және (немесе) клиент – заңды тұлға таратылған кезде банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда клиенттің банктік шотын жабуына рұқсат етіледі.

5. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайлар болған кезде "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда клиенттің банктік шотын жабуына рұқсат етіледі.

6. Егер банктік шот шартында немесе банктік салым шартында өзгеше тәртіп көзделмесе, банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда бар мекенжай бойынша электрондық нысанда не оны алғаны туралы хабарламамен пошта арқылы жібереді.

7. Егер банктік шот шартында немесе банктік салым шартында өзгеше тәртіп көзделмесе, клиенттің банктік шотында ақша болмаған кезде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиентке банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай өткен соң банктік шот шартын немесе банктік салым шартын бұзады және клиенттің банктік шотын жабуды жүзеге асырады.

8. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы тиісті актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін және (немесе) өкімдерін, сондай-ақ банктік шоттағы ақшаға тыйым салу құқығы бар тұлғалардың актілерін осы баптың 4-тармағына сәйкес банктік шот жабылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы талаптарды қойған уәкілетті тұлғаларға қайтаруға тиіс.

9. Клиенттің банктік шотында (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда) ақша қалдығы болған кезде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ақша қалдығын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариус депозитіне аударуға және банктік шотты жабуға құқылы.

10. Осы бапта көзделген жағдайларда, банктің банктік шотты жүргізгені үшін алатын комиссиясының мөлшері, банктің басқа клиенттердің банктік шотын жүргізгені үшін алатын комиссиясының ең жоғары мөлшерінен аспауға тиіс.

11. Банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан біржақты бас тартылған кезде банк шарттардың өзінде белгіленген сыйақы туралы талаптарды ескере отырып, көрсетілген шарттарды орындаудан біржақты бас тартылған күнге сыйақы төлейді.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмесе, осы баптың қағидалары корреспонденттік шот шарттарына қолданылады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-тарау. ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫ

30-бап. Төлем құралдарының түрлері

Қазақстан Республикасының аумағында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде төлем құралдарының мынадай түрлері пайдаланылады:

1) төлем тапсырмасы;

2) төлем талабы;

3) чек;

4) вексель;
5) инкассолық өкім;
6) төлем ордері;
7) төлем хабарламасы;
8) электрондық төлем құралы.

31-бап. Төлем тапсырмасы

1. Төлем тапсырмасын пайдалануға байланысты ақша жөнелтушімен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы құқықтар мен міндеттер олардың арасындағы жасалған шартта белгіленеді, ал олардың нақты іске асырылуы ақша жөнелтушінің банкіне төлем тапсырмасын ұсынған кезден бастап туындайды.

2. Ақша жөнелтушінің банкі төлем тапсырмасын онда көрсетілген үзінді көшірме жасалған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қабылдайды. Төлем тапсырмасында валюталау күні көрсетілуі мүмкін.

3. Бір ақша жөнелтушіден бір банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын бір ұйымда қызмет көрсетілетін бірнеше бенефициардың пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылған не ақша жөнелтушінің банкі бір бенефициардың пайдасына бірнеше ақша жөнелтушінің нұсқауларын орындаған кезде жиынтық төлем тапсырмасын пайдалануға жол беріледі.

4. Қағаз жеткізгіште ресімделген жиынтық төлем тапсырмасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ақша жөнелтуші тұлғалардың не бенефициарлардың тізілімі қоса беріледі.

32-бап. Төлем талабы

1. Төлем талабын пайдалана отырып жасалатын төлемдер кезіндегі құқықтар мен міндеттер оны ақша жөнелтушінің банкіне ұсынған кезден бастап туындайды.

2. Төлем талабы, осы Заңның 26-бабында көзделген тәртіппен оны берген жағдайларды қоспағанда, бенефициардың банкіне немесе ақша жөнелтушінің банкіне онда көрсетілген үзінді көшірме жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде беріледі.

3. Банктердің, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның, ипотекалық ұйымдардың, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын қою жағдайларын қоспағанда, бенефициардың төлем талабын қою құқығы ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта белгіленеді.

4. Жасалған қарыз шартына, кредиттік желіні ашу туралы келісімге немесе қарыз операциясы не кепілдікті беру фактісін растайтын өзге де құжатқа сәйкес қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін банктердің, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның, ипотекалық ұйымдардың, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың төлем талабын пайдалануына жол беріледі.

Банктер, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйым, ипотекалық ұйымдар, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар төлем талабын ақша жөнелтушінің банкіне ақша жөнелтушінің өз банктік шотынан ақшаны алып қоюға келісімін қамтитын құжаттың негізінде қояды.

Қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын қою тәртібі, сондай-ақ оған ақшаныалып қоюдың негізділігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса берудің қажеттілігі туралы талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ақшаны алып қоюдың негізділігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін банктер арасында орнатылған электрондық байланыс арналары арқылы жіберуге жол беріледі.

Қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын қоюдың негізділігіне өндіріп алушы жауапты болады.

5. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ақша жөнелтушінің:

1) ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шартта;

2) қарыз шартында, кредиттік желіні ашу туралы келісімде немесе қарыз операциясы не кепілдік беру фактісін растайтын өзге де құжатта қамтылған банктік шотынан ақша алып қоюға келісімі болған кезде төлем талабын ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы орындайды.

6. Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде оның банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын орындау ақшаның банктік шотқа түсуіне қарай жүзеге асырылады.

Осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен ақша жөнелтуші жеке тұлғаның ағымдағы шотына қойылған төлем талабы оның ағымдағы шотын ондағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен оның ағымдағы шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде, төлем талабында көрсетілген барлық соманың түсуін

күтпестен, тікелей дебеттеу арқылы орындалады. Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аз болмауға тиіс.

Көрсетілген шектеу жеке тұлғаның жинақ шотындағы ақшасына қолданылмайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 05.01.2021 № 407-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 87-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-бап. Чек

1. Чек беруші мен банктің чекті пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері чек беруші мен банк арасындағы чектерді пайдалану туралы шарт негізінде туындайды. Чек ұстаушының құқықтары чек берушіден чекті алған кезден бастап туындайды.

2. Чек ұстаушы чекті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзімде қабылдайды және чек ұстаушы чек берушінің банкіне не чек ұстаушының банкіне береді.

3. Чек берушінің чекті беруі орындау үшін осындай чек жазылып берілген төлемнің аяқталуы болып табылмайды. Чек берушінің ақшалай міндеттемесі чек ұстаушы чек бойынша ақшаны алған кезде түпкілікті орындалады.

4. Чек ұстаушыда чекте көрсетілген сомадағы чек берушінің банкіне қойылатын ақшалай талабының құқығы туындайды. Чек берушінің банкі чек ұстаушы ұсынған чекті төлейді не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген негіздер бойынша оны төлеуден уәжді түрде бас тартады.

5. Чектер жабылған және жабылмаған болып бөлінеді. Ақшамен алдын ала қамтамасыз етілмеген чектер жабылмаған чектер болып табылады. Чек беруші алдын ала банкке енгізген ақшамен қамтамасыз етілген чектер жабылған чектер болып табылады.

34-бап. Вексель

Вексельдерді қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін қолдану Қазақстан Республикасының вексель заңнамасымен реттеледі.

35-бап. Инкассолық өкім

1. Клиенттің банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қою Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша және кезектіліктің

сақталуы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен инкассолық өкім пайдаланыла отырып жүргізіледі.

2. Төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушының құқықтары мен міндеттері ақша жөнелтушінің банкіне инкассолық өкім берілген кезден бастап туындайды.

3. Инкассолық өкімді мемлекеттік кіріс органдары және сот орындаушылары береді .

4. Сот орындаушыларының инкассолық өкімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалардың негізінде осы өндіріп алудың негізділігін растайтын атқарушылық құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште не электрондық нысанда қоса беріле отырып, ақша жөнелтушінің банкіне беріледі.

5. Егер атқарушылық құжаттың мәтінінде өзгеше белгіленбесе, ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қоюдың негізділігін растайтын атқарушылық құжат банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға сот орындаушысының бір ғана инкассолық өкімін беру үшін негіз болып табылады.

Атқарушылық құжатта (ол болған кезде) көрсетілген төлем және (немесе) ақша аударымының сомасы:

1) борышкер борышқа ішінара ақы төлеуді өз бетінше жүргізген және атқарушылық құжатта сот орындаушысының бұл туралы белгісі бар;

2) бір атқару парағының негізінде борышты бірнеше бенефициардың пайдасына ортақ өндіріп алу жүзеге асырылатын;

3) сот орындаушысының қаулысымен мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжат бойынша берешек айқындалған жағдайларды қоспағанда, инкассолық өкімде көрсетілген сомаға сәйкес келуге тиіс.

6. Мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдері осы өндіріп алудың негізділігін растайтын құжаттар қоса тіркелместен беріледі.

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасында айқындалған тиісті тізімдер қоса беріле отырып, банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға мемлекеттік кіріс органдарының:

міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және(немесе) жарналар ;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алуға арналған инкассолық өкімдері беріледі.

7. Инкассолық өкімде төлемнің мақсаты және ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қою құқығы көзделетін Қазақстан Республикасы заңының нормасына сілтеме көрсетіледі.

8. Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде салық берешегін өндіріп алу туралы мемлекеттік кіріс органдарының және атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының инкассолық өкімдерін орындау осындай шотқа ол түскен күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей ақшаның түсуіне қарай жүргізіледі.

9. Ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюдың негізділігі үшін инкассолық өкімнің бастамашысы жауаптылықта болады. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ақша жөнелтушілердің банктік шоттарынан ақшаны олардың келісімінсіз есептен шығаруға қарсы білдірген қарсылықтарын мәні бойынша қарамайды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.06.2020 № 349-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36-бап. Төлем ордері

1. Ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы, оның ішінде ақша жөнелтушінің банкі мен бенефициар бір тұлға болып табылғандағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайлардағы қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы төлем ордері негізінде жүзеге асырылады.

2. Төлем ордерінде банктің (ақша жөнелтушінің банкі мен бенефициардың банкі) немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы бір рет көрсетілуі мүмкін.

37-бап. Төлем хабарламасы

1. Төлем хабарламасы ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.

2. Төлем хабарламаларын беру және орындау тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

3. Банктік шотты ашпай электрондық терминалдар арқылы төлемдерді және(немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ақша жөнелтушіге деректемелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін чек беріледі.

38-бап. Электрондық төлем құралы

1. Электрондық төлем құралын пайдалану осы Заңда және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Электрондық төлем құралын пайдалана отырып жасалатын операциялар бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы сәйкестендіру құралы арқылы расталған электрондық төлем құралын ұстаушының келісімі негізінде жүзеге асырылады.

3. Төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде электрондық төлем құралын ұстаушының келісімін беру және растау тәртібі мен тәсілі электрондық төлем құралының эмитенті - банк пен электрондық төлем құралын ұстаушы арасында жасалған шартта белгіленеді.

7-тарау. ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫ

39-бап. Төлем карточкасын шығару және пайдалану

1. Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын шығаруды төлем карточкасын шығаруға құқығы бар Қазақстан Республикасының көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жүзеге асырады. Төлем карточкаларын шығару және пайдалану төлем карточкасы эмитентінің төлем карточкасын ұстаушымен жасаған шарты негізінде жүзеге асырылады.

Төлем карточкасының эмитенті өзге де ұйымдармен бірлесіп, төлем және өзге де көрсетілетін қызмет түрлерін ұстаушыларға оларды ұсыну үшін өздерінің арасында жасалған шарттардың тәртібі мен талаптарында төлем карточкаларын шығаруға құқылы.

Негізге алынып төлем карточкаларын шығару және пайдалану жүзеге асырылатын шартты жасасу тәсілі мен талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Төлем карточкасының эмитенті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін төлем карточкаларын шығарғаны туралы хабардар етеді.

3. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушымен төлем карточкасын пайдалану туралы шарт жасасқанға дейін төлем карточкасын ұстаушыны төлем карточкасын пайдалану кезіндегі талаптар мен қауіпсіздік шаралары туралы, наразылықтарды беру тәсілдері мен оларды қарау тәртібі туралы хабардар етуге міндетті.

4. Алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Төлем карточкасының эмитенті өзінің интернет-ресурсында төлем карточкасының түрлері мен оны беру шарттары туралы ақпаратты, төлем карточкасын

беру туралы үлгілік шартты, төлем карточкасын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратты орналастырады.

6. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушыны төлем карточкасына қызмет көрсету үшін алынатын комиссияның мөлшері не оны төлемеген кезде берешекті есепке жазу туралы хабардар етеді, сондай-ақ төлем карточкасын ұстаушыға өздерінің арасындағы шартта көзделген тәртіппен оның төлем карточкасына қызмет көрсеткені үшін төлем карточкасын ұстаушының комиссияны төлеу фактісін растауды ұсынуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары

1. Төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілетін төлем және (немесе) ақша аударымы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушылардың төлем карточкаларын пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ұсынылған төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылатын төлемді қабылдауға келісім берген кезден бастап туындайды.

Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның өзімен төлем карточкасына қызмет көрсету туралы келісім жасасқан банкке қатысты өзі қабылдаған төлем сомасында ақшалай талап құқығы туындайды. Көрсетілген банкте дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай талабын орындау міндеті туындайды.

3. Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдаған кезде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қолма-қол ақша төленген кездегі олардың сатылу бағасынан аспайтын бағамен сатуды жүзеге асыруға міндетті.

4. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушыны төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операциялар туралы өздерінің арасындағы шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен хабардар етеді.

Осындай хабарламаны жіберудің тәсілі мен кезеңділігі, сондай-ақ төлем карточкасын ұстаушыны төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операциялар туралы хабардар еткені үшін төлем карточкасы эмитентінің комиссия мөлшері мен оны алу тәртібі төлем карточкасының эмитенті мен төлем карточкасын ұстаушы арасындағы шартта белгіленеді.

5. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушының төлем карточкасын жоғалтуы және (немесе) төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылуы туралы хабарламаны тәулік бойы жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

6. Төлем карточкасын ұстаушы төлем карточкасының жоғалу немесе төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылу фактісін анықтаған кезде бұл туралы төлем карточкасының эмитентін өздерінің арасындағы шартта белгіленген тәсілмен хабардар етеді. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушының хабарламасы негізінде оның төлем карточкасын бұғаттайды.

Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушымен жасалған шартқа сәйкес рұқсат етілмеген операция бойынша ақшаны өзі дербес өтеген жағдайларды қоспағанда, төлем карточкасын ұстаушы рұқсат етілмеген операцияны өтеу үшін төлем карточкасының эмитенті белгілеген нысан бойынша өтінішті төлем карточкасының эмитентіне ұсынады.

7. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасының жоғалуы және(немесе) төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылуы туралы төлем карточкасын ұстаушының хабарламасын алғаннан кейін рұқсат етілмеген операциялар жасалған жағдайда, олар үшін жауаптылықта болады.

8. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушының рұқсат етілмеген операцияны өтеу туралы өтініші негізінде рұқсат етілмеген төлем фактісін анықтау бойынша шаралар қолданады және осындай өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде оған рұқсат етілмеген операция мөлшерінде ақша сомасын өтейді не өздерінің арасындағы шартта көзделген тәсілмен себебін көрсете отырып, рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Үшінші тұлғалардан ақпаратты алу не тексеру жүргізу арқылы қосымша зерделеу қажет болған жағдайда, төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушының өтінішін қарайды және ол бойынша Қазақстан Республикасы ішіндегі операциялар бойынша күнтізбелік отыз күн немесе шетелде жасалған операциялар бойынша күнтізбелік алпыс күн ішінде шешім қабылдайды және бұл туралы төлем карточкасын ұстаушыны өздерінің арасындағы шартта белгіленген тәсілмен хабардар етеді.

Төлем карточкалары эмитентінің рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тартуы төлем карточкасын ұстаушының төлем карточкасын пайдалану қағидаларын бұзуын не оның төлем карточкасын пайдалана отырып алаяқтық операцияларға қатысуын растайтын негіздер, белгілер немесе фактілер болған кезде жүзеге асырылады.

9. Төлем карточкасының эмитентін төлем карточкасының жоғалуы немесе төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылуы туралы хабардар етпеген жағдайда, төлем карточкасын ұстаушы төлем карточкасының жоғалуына немесе төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылуына байланысты барлық тәуекелдерді көтереді.

10. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушыға оның төлем карточкасын пайдалануына байланысты құжаттарды және ақпаратты шартта айқындалған тәртіппен ұсынуға міндетті.

11. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушыға жіберілген және одан алынған хабарламаларды тіркейді, сондай-ақ тиісті ақпаратты жіберген және алған күннен бастап оларды кемінде үш жыл сақтайды.

12. Төлем карточкасының эмитенті төлем карточкасын ұстаушының өтініштерін, оның ішінде төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалануға байланысты даулы жағдайлар туындаған кезде шартта белгіленген, бірақ осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде, сондай-ақ төлем карточкасы шетелде пайдаланылған жағдайда, өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімде қарайды. Төлем карточкасын ұстаушыға өтініштерді қараудың нәтижелері туралы, оның ішінде жазбаша нысанда ақпарат (төлем карточкасын ұстаушының талабы бойынша) жіберіледі.

13. Төлем карточкасының эмитенті ұстаушыдан алған хабарлама негізінде немесе ұстаушы төлем карточкасын пайдалану тәртібін бұзған кезде шартқа сәйкес эмитенттің бастамасы бойынша оны төлем карточкасын ұстаушының оны пайдалануын тоқтата тұрады немесе тоқтатады.

14. Төлем карточкасын ұстаушының төлем карточкасын пайдалануын тоқтата тұру немесе тоқтату төлем карточкасын ұстаушының және эмитенттің көрсетілген пайдалануды тоқтата тұрған немесе тоқтатқан кезге дейін туындаған міндеттемелерін тоқтатпайды.

41-бап. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Өздері шығарған төлем карточкалары пайдаланыла отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған операциялар бойынша Қазақстан Республикасының банктері арасындағы төлемдерді өңдеу және төлемдер клирингі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының резидент банктері шығарған төлем карточкалары пайдаланыла отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған банкаралық операцияларға қызмет көрсету жүйесін осы жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін операциялық және технологиялық функцияларды жүйелік маңызы бар төлем жүйесінің операциялық орталығына беру не арнайы ұйым құру арқылы ұйымдастыруға құқығы бар.

Мұндай арнайы ұйымның қызметін жүзеге асыру және төлем карточкалары эмитенттерінің - банктердің аталған ұйыммен өзара іс-қимыл жасау тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

8-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША

42-бап. Электрондық ақша эмитенттері, иелері және электрондық ақша жүйесінің операторы

1. Электрондық ақша эмитенттері Қазақстан Республикасының аумағында шығаратын электрондық ақша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана номиналдануға (көрсетілуге) тиіс.

2. Электрондық ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, банктер және Ұлттық пошта операторы шығаруға құқылы.

3. Мыналар:

1) жеке тұлғалар;

2) агенттер;

3) дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар электрондық ақша иелері болып табылуы мүмкін.

4. Электрондық ақша иесінің құқықтары электрондық ақшаны алған кезден бастап туындайды.

5. Жеке тұлға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен асатын сомада электрондық ақшаны иемденген жағдайда, электрондық ақша эмитенті оны сәйкестендіруді жүзеге асыруға міндетті.

Электрондық ақша эмитенті шарт негізінде "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға электрондық ақша эмитентінің атынан және тапсырмасы бойынша электрондық ақша иесі – жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыруға уәкілеттік беруге құқылы.

Электрондық ақша иесін сәйкестендіруді электрондық ақша эмитенті және (немесе) электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша иесінің өзі қатысқан және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде не банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығынан қолжетімді дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде қашықтан сәйкестендіру арқылы немесе оңайлатылған сәйкестендіру жолымен жүргізеді.

Электрондық ақша иесін оңайлатылған сәйкестендіруді электрондық ақша эмитенті және (немесе) электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді тіркеп және жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін ала отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану арқылы қашықтық тәсілімен жүргізеді.

Электрондық ақша эмитенті және (немесе) электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша иесі – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді тіркеген кезде қолжетімді көздерден алынған мәліметтер негізінде оны салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

6. Электрондық ақша эмитентінің өзі немесе банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған тиісті шарттың негізінде электрондық ақша жүйесінің операторлары болып табылуы мүмкін.

Электрондық ақша эмитенті мен электрондық ақша жүйесінің операторы (егер ол электрондық ақша эмитенті болып табылмаса) арасындағы қатынастар осы Заңмен және олардың арасында жасалған шартпен реттеледі.

6-1. Мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен электрондық ақша түрінде аударылатын жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызу, есепке алу мен пайдалану, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмекті мониторингтеу тәртібі мен ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайды.

Мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған электрондық әмияндардағы электрондық ақшаға өндіріп алуды қолдануға, тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтата тұруға, мүлікке билік етуді уақытша шектеуге, мәмілелер мен өзге де операцияларды жасауды шектеуге жол берілмейді.

7. Электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес және өзіне электрондық ақша эмитенті (эмитенттері) берген өкілеттіктердің негізінде оның (олардың) атынан жеке тұлғалармен, агенттермен, дара кәсіпкерлермен және электрондық ақша жүйесіне қатысатын заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқылы.

Бұл жағдайда электрондық ақша иесі электрондық ақша жүйесінің операторымен жасасқан шарт осы шарт жасалған күннен кейін электрондық ақша жүйесіне қатысушылар болған электрондық ақша эмитентін (эмитенттерін) қоса алғанда, бір жүйенің шеңберінде өзі (өздері) шығарған электрондық ақшаны пайдалану кезінде электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған шартқа теңестіріледі.

8. Электрондық ақша эмитентінің электрондық ақша шығару жөніндегі қызметті тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

9. Электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін осы Заңда, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген талаптарды және шектеулерді ескере отырып қамтамасыз етуге міндетті.

Электрондық ақша эмитенті және электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу туралы шарттың талаптарына сәйкес электрондық ақша иесінің алдында электрондық ақшаға рұқсатсыз қол жеткізу

немесе оларды рұқсатсыз пайдалану, сондай-ақ электрондық ақша эмитентін бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы не электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуіндегі қателер немесе іркілістер салдарынан электрондық ақша иесіне келтірілген залал үшін жауаптылықта болады.

Электрондық ақша эмитенті – банк лицензиясының және (немесе) лицензиясы қосымшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған күннен бастап электрондық ақша жүйесінің операторы осы эмитент шығарған электрондық ақша бойынша операцияларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен тоқтатады.

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Электрондық ақшаны шығару және өткізу

1. Электрондық ақша эмитенті жеке тұлғалардан немесе агенттерден растауды ұсына отырып, электрондық ақша шығарғаны үшін комиссиялық сыйақыны шегере отырып, өзіне қабылдайтын міндеттемелердің номиналды құнына тең сомада ақша алғаннан кейін электрондық ақша шығаруды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің электрондық ақша шығаруына қолданылмайды.

Электрондық ақша эмитенті өзі шығарған электрондық ақшаны олардың Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы номиналды құнына сәйкес өтеу жөніндегі шартсыз және кері қайтарылмайтын ақшалай міндеттемені қабылдайды.

2. Электрондық ақша эмитенті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін электрондық ақша шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабардар етеді.

3. Электрондық ақша эмитентінің электрондық ақша шығарған кезде комиссиялық сыйақы, сондай-ақ электрондық ақша эмитенті көрсететін қосымша қызметтер үшін ақы алуы жасалған шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Электрондық ақша эмитенті мен олардың иесі – жеке тұлға арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың арасында жасалған электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу шартымен реттеледі.

5. Электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу шарты жасалғанға дейін электрондық ақша эмитенті немесе электрондық ақша иесі атынан әрекет ететін

электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша жүйесіне қатысуға ниет білдірген жеке тұлғаға:

1) электрондық ақша эмитентінің және электрондық ақша жүйесі операторының атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ егер электрондық ақша жүйесінің операторы банк болып табылмаса, оның тіркеу нөмірі туралы;

2) электрондық ақшаны пайдалану шарттары туралы;

3) электрондық ақша эмитентінің және (немесе) электрондық ақша жүйесі операторының электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу кезінде электрондық ақша иесінен алынатын комиссиялық сыйақыны алу мөлшері мен тәртібі туралы;

4) электрондық ақша эмитентімен немесе электрондық ақша жүйесінің операторымен байланысқа арналған ақпаратты қоса алғанда, наразылықтар беру тәсілдері мен оларды қарау тәртібі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

6. Осы Заңның 13-бабының 4-тармағында көзделген талаптардан басқа, электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу шартында:

1) электрондық ақшаны шығару (сатып алу) талаптары;

2) электрондық ақшаны пайдалануға белгіленетін шектеулерді қоса алғанда, электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру талаптары;

3) электрондық ақша иесінің электрондық ақшаға және оларды пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруға құқықтарын куәландыру тәртібі;

4) электрондық ақшаны өтеуге ұсыну тәртібі мен тәсілдері және оны өтеу тәртібі;

5) электрондық ақшаны пайдалану кезінде электрондық ақша эмитенті мен олардың иесі арасында ақпарат алмасу тәртібі, оның ішінде электрондық ақша эмитентін электрондық ақшаға қол жеткізуге бақылаудың жоғалғаны немесе оларды рұқсатсыз пайдалану туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;

6) тараптардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылығы қамтылуға тиіс.

7. Агент тараптардың құқықтары мен міндеттері, электрондық ақшаны өткізу және сатып алу тәртібі мен талаптары айқындалатын, электрондық ақша эмитентімен немесе электрондық ақша жүйесінің операторымен жасалған шарттың негізінде жеке тұлғаларға электрондық ақшаны өткізуді не жеке тұлғалардан электрондық ақшаны сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-бап. Электрондық ақшаны пайдалану және өтеу

1. Электрондық ақшаны оның иесі азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру, сондай-ақ электрондық ақша жүйесі қағидаларында айқындалған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шарттарда өзге де операцияларды жүргізу мақсатында пайдаланады.

1-1. Электрондық ақша пайдаланылатын төлемдер мен өзге де операцияларды олардың иесі электрондық ақшаның сәйкестендірілген иесінің пайдасына жүзеге асырады.

Иесі сәйкестендірілмеген жеке тұлға болып табылатын электрондық ақша электрондық ақша эмитентінің өтеуіне және агентке өткізуіне (агенттің сатып алуына) жатпайды.

2. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау кезінде дара кәсіпкердің және (немесе) заңды тұлғаның электрондық ақшаны төлемақы ретінде қабылдауы электрондық ақша эмитентімен не электрондық ақша жүйесіне қатысушы болып табылатын өзге де банкпен жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау кезінде электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны алған дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қабылданған төлем сомасында электрондық ақша эмитентіне ақшаны талап ету құқығы туындайды.

3. Электрондық ақша эмитенті және электрондық ақша жүйесінің операторы " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес алаяқтықты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды анықтау, сондай-ақ болғызбау мақсатында электрондық ақша жүйесінде ұйымдастырушылық пен рәсімдік іс-шараларды қамтамасыз ету және енгізу жөнінде шаралар қабылдайды.

Электрондық ақша жүйесінің операторы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсынады.

Электрондық ақша эмитенті қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға банк болып табылмайтын электрондық ақша операторлары туралы мәліметтерді олармен тиісті шарт жасасқаннан кейін береді.

4. Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі – жеке тұлға жасайтын бір операцияның ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

Электрондық ақшаның оңайлатылып сәйкестендірілген иесі – жеке тұлға жасайтын бір операцияның ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

Электрондық ақша иесі – дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жасайтын бір операцияның ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы

жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір мың еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

5. Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі – жеке тұлғаның бір электрондық құрылғысында сақталатын электрондық ақшаның ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспайды.

Электрондық ақшаның оңайлатылып сәйкестендірілген иесі – жеке тұлғаның электрондық әмиянында сақталатын электрондық ақшаның ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

5-1. Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі – жеке тұлғаның электрондық әмиянынан электрондық ақша пайдаланыла отырып жұмыс күні ішінде жасалған төлемдердің және (немесе) өзге де операциялардың жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

Электрондық ақшаның оңайлатылып сәйкестендірілген иесі – жеке тұлғаның электрондық әмиянынан электрондық ақшаның сәйкестендірілген не оңайлатылып сәйкестендірілген иесінің электрондық әмиянына электрондық ақша пайдаланыла отырып жұмыс күні ішінде жасалған төлемдердің және (немесе) өзге де операциялардың жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауға тиіс.

6. Егер электрондық ақша эмитенті мен электрондық ақша иесі – жеке тұлға арасында жасалған шартта электрондық ақша эмитентінің немесе электрондық ақша жүйесі операторының өзге комиссиялық сыйақысы көзделмесе, электрондық ақшаны өтеуді электрондық ақша эмитенті оның номиналдық құны бойынша тең ақша сомасын сәйкестендірілген электрондық ақша иесінің – жеке тұлғаның банктік шотына аудару не оған қолма-қол ақшаны беру арқылы жүзеге асырады.

7. Электрондық ақшаның иесінен электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу кезінде комиссиялық сыйақыны, сондай-ақ электрондық ақшаның эмитенті көрсететін қосымша қызметтер үшін төлемді алу электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу туралы шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Егер электрондық ақша эмитенті мен дара кәсіпкер немесе заңды тұлға арасында жасалған шартта өзгеше мерзім көзделмесе, электрондық ақша эмитенті азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеу кезінде жеке тұлғалардан дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алған электрондық ақшаны олардың пайдасына электрондық ақша түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеуді жүзеге асырады.

Бағалы қағаздармен операцияларды жүргізген, электрондық ақшаны пайдалана отырып, сыйақы төлеген, электрондық ақша пайдалануды ынталандырумен

байланысты төлем кезінде заңды тұлғаның басқа заңды немесе жеке тұлғаларға электрондық ақшаны аударуына жол беріледі.

Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алған электрондық ақша аудару кезінде ақшаны қайтару үшін осы Заңда көзделген негіздер бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жасалған азаматтық-құқықтық мәміле бұзылған жағдайда, оларды ақы төлеуші - жеке тұлғаға қайтару кезінде өтелуге жатпайды.

Егер электрондық ақша эмитенті немесе электрондық ақша жүйесінің операторы және электрондық ақша иесі арасын да жасалған шартта электрондық ақша эмитентінің немесе электрондық ақша жүйесі операторының өзге комиссиялық сыйақысы көзделмесе, дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар иелері болып табылатын электрондық ақшаны өтеу оның номиналдық құны бойынша тең ақша сомасын дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

9. Электрондық ақша иелері және оларға тиесілі сомалар туралы, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдаланып жасалған операциялар туралы мәліметтерді тұлғаларға электрондық ақшаның эмитенті не электрондық ақша жүйесінің операторы " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабында көзделген негіздер бойынша және шектерде береді.

10. Электрондық ақша иесі – жеке тұлғаның банктік шотына немесе электрондық төлем құралына ақша аудару арқылы электрондық ақшаны өтеуді банктік шоттың немесе электрондық төлем құралының осы жеке тұлғаға тиесілілігі туралы растауды алмай жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-тарау. ТАПСЫРМА НЕМЕСЕ ТАЛАП НЫСАНЫНДАҒЫ НҰСҚАУДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

45-бап. Тапсырма немесе талап нысанында нұсқау беру

1. Тапсырма немесе талап нысанындағы нұсқау электрондық нысанда не қағаз жеткізгіште берілуі мүмкін.

Қағаз жеткізгіштегі нұсқау белгіленген нысандағы бланкіде ресімделеді және:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес деректемелер;

2) бастамашының қолтаңбасы және Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғалар шыққан елдің заңнамасына сәйкес мөрі жоқ бейрезидент – заңды тұлғаларын қоспағанда, мөрінің бедері қамтылуға тиіс.

2. Ақша жөнелтушінің банкі нұсқауды және оны кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді өзі белгілеген операциялық күн ішінде ғана қабылдауды жүзеге асырады.

3. Егер нұсқау немесе оны кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкім ақша жөнелтушінің банкі белгілеген операциялық күн аяқталғаннан кейін алынса, онда осындай нұсқауды немесе өкімді ақша жөнелтушінің банкі келесі операциялық күннің басында алды деп есептеледі.

4. Нұсқауды, оны кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді беру:

1) қағаз жеткізгіште жасамастан, тиісті электрондық байланыс арналары мен телекоммуникациялар желісін пайдалана отырып, электрондық тәсілмен беру арқылы;

2) электрондық байланыс арналары мен телекоммуникациялар желісін пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде электрондық жеткізгіште;

3) қағаз жеткізгіште орындалған төлем құжатының, оны кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімнің түпнұсқасын ұсыну арқылы жүргізіледі
.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптар сақталған кезде ғана нұсқауды, оны кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді электрондық тәсілмен немесе электрондық жеткізгіште беруге рұқсат етіледі.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасында қағаз жеткізгіште ғана пайдаланылуы көзделген нұсқауды электрондық тәсілмен беруге тыйым салынады.

7. Егер бастамашы банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиенті болып табылса, бастамашының банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға нұсқау беруінің тәсілдері, тәртібі және талаптары олардың арасындағы шартта көрсетіледі. Егер бастамашы банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиенті болып табылмаса, онда нұсқау беру осы Заңның нормаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

8. Нұсқау, оны кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкім қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады. Басқа да тілдерді пайдалану мүмкіндігі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мен оның клиенті арасындағы шартта белгіленеді.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46-бап. Нұсқауды орындау

1. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым нұсқауды қабылдаған кезде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым нұсқауды жасау, беру тәртібіне қойылатын талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шарт талаптарында белгіленген өзге де талаптарға оның сәйкестігін тексеруге және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, нұсқауда көрсетілген талаптарды сақтай отырып орындауға не оны орындаудан бас тартуға міндетті.

2. Бірінші бөлік 01.06.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 26.07.2016 № 11-VI Заңымен.

Инкассолық өкім арқылы берілген нұсқауды орындауды банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, инкассолық өкімнің белгіленбеген мерзімдерде орындалуын, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген жағдайларды қоспағанда, нұсқауды алған күннен кейінгі операциялық үш күннен кешіктірмей жасайды.

3. Бір банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын бір ұйымда ашылған банктік шоттар арасында ақша аударуды ақша жөнелтушінің банкі операциялық бір күн ішінде жүзеге асырады.

4. Халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып, нұсқаудыалған күннен кейінгі операциялық үш күннен кешіктірілмей орындалады.

5. Бірінші бөлік 01.06.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 26.07.2016 № 11-VI Заңымен.

Бенефициардың банкі бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды алған операциялық күннің ішінде нұсқауды орындаудан бас тартады.

6. Егер ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ақша жөнелтуші банк нұсқауды орындау үшін, ақша жөнелтуші оны орындау үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етуге міндетті.

7. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның нұсқауды орындаудан бас тартуы мынадай негіздер бойынша:

1) егер шартта төлем қызметтерін берушінің клиентке осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін кредит беру бойынша қызметтер көрсетуі көзделмесе, ақша жөнелтуші төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген кезде;

2) егер нұсқауда қолдан жасау, түзету, толықтыру және бүліну белгілері болса, оның ішінде, нұсқау жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта

белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібі бұзыла отырып берілсе;

3) бастамашы нұсқауды жасау және беру тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шарт талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған кезде;

4) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерімен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) банктік шоттан ақшаны өндіріп алу туралы талап мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаны, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттардағы ақшаны есепке жатқызуға арналған банктік шотқа, сондай-ақ "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шотқа қойылған жағдайларда;

5-1) қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шотқа қойылған жағдайларда;

6) рұқсат етілмеген төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаның құқыққа сыйымсыз алынғандығы негізделген фактілер анықталған және расталған жағдайларда;

7) клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою, клиенттің банктік

шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезекте орындалуға жататын нұсқаулар болған кезде жүргізіледі.

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның нұсқауды осы тармақтың бірінше бөлігінің 1) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша орындаудан бас тартуы инкассалық өкімдерге, сондай-ақ сақталуы ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта көзделген төлем құжаттарына қолданылмайды.

8. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның алынған нұсқаудың:

1) егер банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бенефициарға қызмет көрсетпеген жағдайда, нұсқауды келесі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беру;

2) егер ақша жөнелтушінің банкі бенефициардың банкі болып табылса, ақша аударымын аяқтау;

3) егер банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ақша жөнелтушіге қызмет көрсеткен жағдайда, қолма-қол ақшаны төлеу туралы бұйрықты көрсеткен бастамашыға қолма-қол ақшаны беру талаптарын орындауы нұсқауды орындау болып табылады.

9. Бенефициардың банкі өзі орындайтын осындай нұсқауда белгіленген ақша сомасын орындалу мерзімі бенефициардың банкіне нұсқау келіп түскен кезде басталған, бенефициардың үшінші тұлғаның немесе осы банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның алдындағы міндеттемесі сомасының орнына үшінші тұлғаның пайдасына немесе өз пайдасына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан ақшаны алудың кезектілігін сақтауды ескере отырып есепке жатқызуға құқылы.

Ескерту. 46-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 114-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-бап. Нұсқауды көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде беруші арқылы орындау

1. Осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген, төлем қызметтерін бөгде беруші көрсететін төлем қызметі клиенттің көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушінің қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы берген және сәйкестендіру құралы арқылы расталған келісімінің негізінде жүзеге асырылады.

2. Клиенттің банктік шотына қызмет көрсететін көрсетілетін төлем қызметтерін беруші төлем қызметтерін бөгде берушінің қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы клиенттің нұсқауын алғаннан кейін көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушіге және (немесе) клиентке төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға растауды тез арада жібереді.

3. Клиенттің банктік шотына қызмет көрсететін көрсетілетін төлем қызметтерін беруші клиенттің көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушінің қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы келіп түскен нұсқауларын рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібін сақтай отырып, осы Заңның 46 – 49-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындайды.

4. Белгілі бір төлем жүйесі немесе банктік шотқа қызмет көрсететін көрсетілетін төлем қызметтерін берушімен шарттық қатынастар шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде берушінің қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы клиенттің нұсқауы өңделген және орындалған жағдайларда, соңғымен өзара есеп айырысулар тәртібі осы төлем жүйесінің қағидаларында немесе шарт талаптарында айқындалады.

5. Көрсетілетін төлем қызметтерін бөгде беруші клиенттің және банктік шотқа қызмет көрсететін көрсетілетін төлем қызметтерін берушінің алдында өзінің қашықтан қол жеткізу жүйесінде жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша рұқсат етілмеген төлемдердің және (немесе) алаяқтық әрекеттердің жүзеге асырылу салдарлары үшін жауаптылықта болады.

48-бап. Нұсқауларды орындау мерзімдері

1. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым нұсқауды жөнелтуші бастама жасаған күні орындауды қамтамасыз етеді.

2. Осы Заңның 53-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, бенефициардың банктік шотына немесе бенефициардың пайдасына ақша қабылданғанын көрсететін өзге де шотқа ақшаны есепке жатқызу жөніндегі нұсқауды орындауды бенефициардың банкі нұсқауды алған күнгі операциялық күннің ішінде жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының нормалары:

1) инкассолық өкім арқылы берілген;

2) белгіленбеген мерзімдерде орындалуға жататын;

3) валюталаудың алдағы күні көрсетілген;

4) негізге алынып халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылатын;

5) тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді жеке сауда орнынан сатып алу үшін электрондық төлем құралдарын пайдаланған кезде немесе электрондық сауданы жүзеге асырған кезде клиенттің келісімі түрінде берілген;

6) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы арқылы ұсынылған нұсқауларды орындауға қолданылмайды.

Осы нұсқауларды орындау мерзімдері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында белгіленеді.

4. Бас тарту көрсетілген төлем құжаттарын орындау үшін көзделген мерзімде жасалатын қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы, сондай-ақ инкассалық өкім арқылы ұсынылған нұсқауларды қоспағанда, нұсқауды орындаудан бас тартуды ақша жөнелтушінің банкі бас тарту себептерін көрсете отырып, нұсқауды алған күнгі операциялық күннің ішінде жасайды.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Валюталау күні көрсетілген нұсқауды орындау

1. Төлем құжатында көрсетілген валюталау күні төлем құжатының үзінді көшірмесі жасалған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспауға тиіс.

2. Валюталау күні көрсетілген нұсқауды орындау кезінде ақша жөнелтушінің ақшасы ақша жөнелтуші банкінің ішкі баланстық шотына (транзиттік шотына) аударылады.

3. Ақша жөнелтушінің ақшасын ақша жөнелтуші банкінің арнайы транзиттік шотына аудару клиенттің нұсқауын орындау үшін осы Заңда белгіленген мерзімдерде, бірақ осы баптың 4 және 5-тармақтарында айқындалған мерзімдерден кешіктірілмей жүзеге асырылады.

4. Ақша жөнелтуші банкінің арнайы транзиттік шотынан ақша аударуды ақша жөнелтушінің банкі осы баптың 5-тармағында айқындалған тәртіппен бенефициар банкінің ақшаны бенефициардың банктік шотына есепке жатқызуына мүмкіндік беретін уақытты ескере отырып, төлем құжатында көрсетілген валюталау күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

5. Бенефициардың банкі ақшаны бенефициардың банктік шотына валюталау күнімен айқындалған операциялық күн ішінде есепке жатқызады.

Егер валюталау күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, онда бенефициардың банкі ақшаны валюталау күні деп айқындалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні бенефициардың банктік шотына есепке жатқызады.

6. Төлем құжатында көрсетілген валюталау күніне сәйкес келмейтін операциялық күні ақша бенефициардың банктік шотына есепке жатқызылған кезде валюталау күні көрсетілген нұсқау шарттарын бұзған банк банктік шот шартында айқындалған тәртіппен жауаптылықта болады.

50-бап. Нұсқауды кері қайтару және орындауды тоқтата тұру

1. Нұсқауды кері қайтару және нұсқауды орындауды тоқтата тұру бастамашы ақша жөнелтушінің банкіне жіберген тиісті өкімінің негізінде оны орындағанға дейін және (немесе) ақша жөнелтушінің банкі бенефициарға төлемді оның пайдасына қабылдау туралы ақпаратты жібергенге дейін жүзеге асырылады. Кері қайтару туралы өкімді орындау мерзімі, сондай-ақ оны беру тәсілі шартта және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының инкассолық өкімін кері қайтарып алу "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Нұсқауды кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы өкімді электрондық тәсілмен жіберу кезінде осы өкімдердің бастамашысы мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта белгіленген қорғау әрекеттерінің тәртібі сақталады.

3. Нұсқауды кері қайтару туралы өкім уақтылы алынған кезде ақша жөнелтушінің банкі осы нұсқау бойынша ақша аударуды жүзеге асырмайды және оны осындай өкімді алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей, бір мезгілде бастамашыға алынған өкімнің орындалғаны туралы хабарлама жібере отырып қайтарады.

4. Нұсқауды орындау Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-9-бабында, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ егер ақша жөнелтушінің банкіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік шоттағы ақшаға тыйым салу, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы акт, ақша жөнелтушінің банктік шотында немесе ақша жөнелтушінің банкінде шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның шешімі және (немесе) өкімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы нұсқаудан бұрын орындалуға жататын, ақша жөнелтушінің ақшасын алып қою туралы уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды

адамның немесе сот орындаушысының шешімі берілсе, тоқтатыла тұрады. Ақша жөнелтушінің банкі жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша нұсқауды орындауды тоқтата тұруға байланысты залалдар үшін жауаптылықта болмайды.

5. Осы Заңның 25-бабының 10-тармағына сәйкес "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы банктер мемлекеттік органдарға, соттарға мәліметтер мен ақпарат берген төлемдерді бюджетке төлеуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша нұсқауды кері қайтарып алуға және нұсқаудың орындалуын тоқтата тұруға жол берілмейді.

6. Төлемді жүзеге асыруға, нұсқауды беруге және орындауға, банктің бенефициарға ақшаны беруіне немесе бенефициардың ақшаны алуына Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар тыйым салуы және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша ғана тыйым салынуы мүмкін.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-бап. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін орындау

1. Ақша жөнелтушімен ақша жөнелтушінің банкі арасында айқындалған шарттарда ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін ақша жөнелтуші белгіленген күні және (немесе) кезеңде бенефициардың пайдасына тұрақты төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланады.

2. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінің нысанын және мазмұнына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

3. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі ақша жөнелтушінің банкі айқындаған тәртіппен қағаз жеткізгіште не электрондық нысанда ресімделуі мүмкін.

Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі қолданысының күшін жою үшін ақша жөнелтушінің банкі айқындаған тәртіппен ресімделген тиісті хабарлама ақша жөнелтушінің банкіне жіберіледі.

4. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінде ақша жөнелтуші ақысын төлеуді ақша жөнелтушінің банкіне тапсыратын ақша жөнелтушінің ақшалай міндеттемесін растайтын бенефициар құжаттарының (растайтын құжаттар) атауы көрсетілуі мүмкін.

5. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінің шарттарына сәйкес немесе ақша жөнелтушінің банкі растайтын құжаттарды алған кезде ақша жөнелтушінің банкі бенефициардың пайдасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ақша жөнелтушінің атынан төлем тапсырмасын қалыптастырады.

52-бап. Нұсқауды банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы орындау

1. Ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу:

1) ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған және ақша жөнелтушінің ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында берілген талаптарды орындау үшін негіз болып табылатын шартқа;

2) ақша жөнелтуші мен банк, ипотекалық ұйым немесе агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым арасында жасалған, қарыз (қарыз шарты, кредиттік желіні ашу туралы келісім немесе қарыз операциясы не кепілдік беру фактісін растайтын өзге де құжат) бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін негіз болып табылатын шартқа, оның ішінде талап ету құқықтары екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымға берілген банктік қарыз шартына сәйкес қойылатын төлем талабын не төлем ордерін пайдалана отырып, ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға берген оның алдын ала келісімі негізінде жүзеге асырылады.

2. Ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта бенефициардың төлем құжаттарын орындауға ақша жөнелтушінің алдын ала келісімі көзделеді және бенефициардың (атауы, сәйкестендіру нөмірі) және шарттың (нөмірі, күні) деректемелері көрсетіледі, осыған сәйкес ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төлемді жүзеге асыру үшін бенефициар төлем талабын пайдаланады.

Ақша жөнелтушінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шарттарды көрсете отырып, ақша жөнелтушінің банкіне өтініш беруіне жол беріледі.

3. Қарыз шартында, кредиттікжеліні ашу туралы келісімде немесе қарыз операциясы не кепілдік беру фактісін растайтын өзге де құжатта ақша жөнелтушінің қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу туралы талап қойылған кезде өзінің банктік шотынан ақшаны алып қоюға келісімі қамтылуға тиіс.

4. Қарыз бойынша берешекті өндіріп алуға арналған төлем талабын қоюды қоспағанда, ақша жөнелтушінің ақшалай міндеттемесін растайтын бенефициардың құжаттары, егер осындай талап олардың арасындағы шартта көзделсе, төлем талабын қойған күннің алдындағы операциялық күннен кешіктірілмей ақша жөнелтушіге жіберіледі.

5. Ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төлемді жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

6. Төлем талабының немесе төлем ордерінің негізінде банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақша алып қоюдың негізділігі үшін бенефициар жауапты болады.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 87-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап. Нұсқауды орындау үшін ақша жөнелтушінің қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде нұсқауды орындау

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында не ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта сақталуы көзделген нұсқауды орындау үшін ақша жөнелтушінің қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде ақша жөнелтушінің банкі алынған нұсқауларды қабылдауға және бір жыл бойы сақтауға міндетті.

2. Бенефициар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынужөніндегі әрекеттерді жасамаған кезде бенефициардың банкі жөнелтушіден алынған нұсқауларды қабылдауға және күнтізбелік бір жүз сексен күн бойы сақтауға міндетті.

Бенефициар осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындамаған жағдайда, бенефициардың банкі күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде мұндай нұсқауларды жөнелтушісіне орындамай қайтаруға міндетті.

3. Ақша жөнелтуші банкінің осы баптың 1-тармағында көзделген нұсқауларды орындауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нұсқауларды орындау кезектілігінің сақталуы ескеріле отырып, олардың банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға келіп түсу тәртібінде күнтізбелік кезектілікпен жүргізіледі. Күнтізбелік кезектілік ақша жөнелтушінің банкіне нұсқаулардың келіп түсу күні мен уақытын көздейді.

4. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін ақша жөнелтушінің ақшасы жеткіліксіз болғаннан немесе болмағаннан жөнелтуші берген нұсқау орындалмаса, онда ақша жөнелтушінің банкі, инкассолық өкімді қоспағанда, мұндай нұсқауды жөнелтушісіне орындамай қайтаруға міндетті.

5. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымды қайта құрылымдау кезеңінде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым қайта құрылымдау тоқтатылғанға дейін олар бойынша міндеттемелерді банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым тоқтата тұрған және қайта құрылымдау жоспарында бар нұсқауларды қабылдайды және сақтайды. Банкті немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін

жүзеге асыратын ұйымды қайта құрылымдау тоқтатылған жағдайда, банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мұндай нұсқауды жөнелтушісіне орындамай қайтаруға міндетті.

Міндеттемелері тоқтатыла тұрмаған және қайта құрылымдау жоспарына енгізілмеген нұсқаулар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалған тәртіппен орындалады.

54-бап. Сот актісін және сот орындаушысының қаулысын орындау

1. Қазақстан Республикасы сотының ақша өндіріп алу туралы сот актісі, сондай-ақ сот орындаушысының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы прокурор санкциялаған қаулысы не оның атқарушылық іс жүргізу органының аумақтық бөлімінің мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен куәландырылған көшірмесі, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, барлық банктерге ұсынылады.

2. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап операциялық үш күн ішінде сотқа (сот орындаушысына) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қажетті мәліметтерді жіберуге міндетті.

3. Сот (сот орындаушысы) банктерден көрсетілген мәліметтерді алып, ақшаны өндіріп алу туралы сот актісін орындау жөніндегі міндет жүктелетін банкті (банктерді) айқындайды және мұндай банкке (банктерге) тиісті атқарушылық құжатты не соттың мөрімен куәландырылған көшірмесін қоса бере отырып, нұсқауды жібереді.

4. Егер сотта (сот орындаушысында) ақшаны өндіріп алу жүргізілуге тиіс тұлғаның банктік шотында ақшаның бар екендігі туралы мәліметтер болса, онда сот орындаушысының тиісті атқарушылық құжат қоса берілген нұсқауы тікелей тиісті банкке орындау үшін беріледі.

5. Соттың (сот орындаушысының) жеке және заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің банктік шоттарының, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның, жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың ағымдағы шоттарының бар екендігі және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы ақпаратты талап етіп алдыруы, сондай-ақ борышкердің банктегі ақшасына тыйым салу қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-тарау. ТӨЛЕМДЕРДІ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) АҚША АУДАРЫМДАРЫН АЯҚТАУ

55-бап. Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын аяқтау

1. Егер төлем қолма-қол ақша пайдаланыла отырып жүзеге асырылса, онда пайдасына төлем жасалатын тұлға не бенефициар уәкілеттік берген тұлға ақшаны алған кезде төлем аяқталады.

2. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай, төлем құжатын беру арқылы жүзеге асырылса, онда пайдасына төлем жасалатын тұлға ақшаны алған кезде төлем аяқталады .

3. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай, ақша аударымы арқылы жүзеге асырылса, онда:

1) бенефициардың пайдасына ақша түскен кезде оның банктік шоты бойынша бухгалтерлік жазба жасау;

2) егер бенефициардың банктік шоты болмаса, бенефициардың банкі бенефициарға қолма-қол ақшаны нақты беруі;

3) осы Заңның 46-бабының 9-тармағында көзделген есепке жатқызуды жүргізу;

4) бенефициардың пайдасына ақшаның қабылданғанын көрсететін өзге де шот бойынша бухгалтерлік жазба жасау арқылы ақша аударымы аяқталған кезде төлем аяқталады.

4. Ақшалай міндеттеме немесе ақша төлеу туралы бұйрық қамтылатын төлем құжатын (чекті, вексельді) беру арқылы қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру кезінде осы төлем бойынша міндеттемелерді орындау бенефициар чек, вексель бойынша ақша алған кезде аяқталады.

5. Егер төлем электрондық ақша беру арқылы жүзеге асырылса, онда пайдасына төлем жасалатын тұлға электрондық ақшаны алған кезде төлем аяқталады. Электрондық ақша жүйесінде қабылданған электрондық ақшаның, оның басқа тұлғаның – бенефициардың пайдасына түскендігін куәландыратын сомасы туралы ақпараттың көрсетілуі электрондық ақшаны алу кезі болып табылады.

56-бап. Рұқсат етілмеген төлемдер

1. Егер төлемді жасауға өкілеттігі бар тұлға осы төлемді жүргізсе және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, рұқсат етілген төлем болып табылады. Төлем ақша аударымы арқылы жүзеге асырылған жағдайда, егер ақша жөнелтушінің банкі нұсқауды рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің белгіленген тәртібін сақтай отырып қабылдаған кезде де, төлем рұқсат етілген болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылған төлем және (немесе) ақша аударымы рұқсат етілмеген болып табылады. Жалған төлем

құралдарын пайдалана отырып жүргізілген төлемдер немесе ақша аударымдары да рұқсат етілмеген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және(немесе) нұсқау бастамашысы мен оны алушы арасындағы және нұсқауларға немесе бастамашының оларды кері қайтарып алу туралы өкімдерге бастамашылық ету (рұқсат ету) туралы деректерді тексеруге және ықтимал қателерді анықтауға жасалған шартта белгіленген тиісті нормаларды сақтау рұқсат етілмеген төлемдерден және (немесе) ақша аударымдарынан қорғау болып табылады.

4. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе ақша жөнелтуші төлемдерді электрондық төлем құралдарының көмегімен жүзеге асыру кезінде рұқсат етілмеген төлемдерден қауіпсіздік рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік рәсімдеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

5. Қорғау әрекеттерінің элементтері ретінде уәкілетті адамның (адамдардың) қолтаңбасы, оның ішінде электрондық-цифрлық қолтаңбасы, мөрлер, алгоритмдер, кодтар (цифрлық, символдар қолданылатын әріптік және аралас), сәйкестендіруші сөздер немесе сәйкестендіру кодтары, шифрлау, биометрикалық деректер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғаудың өзге де тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

6. Қауіпсіздік рәсімдері төлемдерге және(немесе) ақша аударымдарына қатысушылар арасында жасалған шарттарда және (немесе) электрондық құжаттар беру жүзеге асырылатын электрондық құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында белгіленеді.

57-бап. Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақшаны қайтару

1. Ақша аудару кезінде ақшаны қайтару:

1) ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын төлемнің рұқсат етілмегендік фактісі анықталған;

2) қате нұсқау орындалған;

3) егер бенефициар банктің корреспонденттік шоты бойынша орындалмаған талаптар немесе шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін ақшаға билік етуге шектеулер болса, ақша аударымын алу кезінде бенефициар банктің клиенті болып табылмайтын адамның пайдасына ақша түскен;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-1-бабында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Егер нұсқауда:

1) алдыңғы жөнелтушіден алынған нұсқаудың деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелер болса;

2) қайталап берілген болса, бастамашы жіберген нұсқау қате болып табылады.

3. Қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың банкі бенефициардың көрсетілген ақша есепке жатқызылған банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қоюы арқылы жүзеге асырады.

3-1. Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда ақшаны қайтару ақша жөнелтушінің мекенжайына жүзеге асырылады.

4. Қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың банкі осы факт анықталған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей бенефициардың банктік шотындағы ақша есебінен, оның ішінде, егер банктік шот бойынша банктік шоттағы ақшаға тыйым салу және (немесе) мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілер және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері және (немесе) белгіленбеген мерзімдерде орындалуға жататын орындалмаған нұсқаулар болған жағдайда, жүзеге асырады.

5. Бенефициардың банктік шотында ақша жеткіліксіз болған не болмаған жағдайларда, қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды қате нұсқауға немесе рұқсат етілмеген төлемге және (немесе) ақша аударымына жол берген жөнелтуші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өз ақшасы есебінен жүзеге асырады.

6. Ақшаны қайтару қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы орындалған күннен бастап үш жыл өткен соң жүргізілмейді.

7. Ақшаны қайтарған кезде ақша аударуға қатысатын әрбір жөнелтушінің қате нұсқауға немесе рұқсат етілмеген төлемге және (немесе) ақша аударымына жол берген ақша аударуға қатысушының (оның ішінде делдал банктің) ақшасы есебінен осындай ақша аударымына байланысты және ақшаны қайтару салдарынан шеккен нақты шығыстарды өтетуге құқығы бар.

8. Қате немесе рұқсат етілмеген төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша ақшаны қайтару тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

58-бап. Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер нұсқауда көрсетілгеннен басқа бенефициардың пайдасына немесе нұсқауда көрсетілгеннен басқа сомаға жасалған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқаудан негізсіз бас тартқаны немесе оны уақтылы орындамағаны не нұсқауды тиісінше орындамағаны үшін төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушылар өздерінің арасындағы шартта және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауаптылықта болады.

Клиенттердің төлем құжаттарын жоғалтқаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Осы Заңда бас тарту көзделген жағдайларда төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауларды орындағаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Клиенттің банктік шотынан ақша алудың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілігін бұзғаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Төлем агенттері және (немесе) қосалқы төлем агенттері арқылы төлем қызметтерін көрсеткен кезде осы Заңда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Өзіне қабылдаған міндеттемелер сомасына сәйкес келмейтін сомаға электрондық ақша шығарғаны үшін, сондай-ақ электрондық ақша иесін сәйкестендірмей елу айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға электрондық ақша шығарғаны үшін, сондай-ақ бір операцияның ең жоғары сомасы, электрондық ақшаны электрондық әмиянда сақтау сомасы және электрондық әмиян арқылы пайдаланылған электрондық ақшаның жалпы сомасы бойынша белгіленген шектеулерден асатын сомаға операциялар жасаған кезде электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны пайдалануға жол бергені үшін электрондық ақша эмитенті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеген кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жеке тұлғалардан алған электрондық ақшаны эмитенттің өтемегені, уақтылы және толық өтемегені үшін электрондық ақша эмитенті Қазақстан

Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру кезінде (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету кезінде) төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) аударымдарды қабылдауға міндетті дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғаның оларды қабылдаудан бас тартқаны үшін және (немесе) дара кәсіпкерлерде және заңды тұлғаларда төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болмағаны үшін осы Заңның 25-бабының 11-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді не төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өзге есептілікті белгіленген мерзімде ұсынбағаны үшін, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер және ақша аударымдары лимитін бірнеше мәрте (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзғаны үшін не көрсетілген лимиттің орындалғаны туралы мәліметтердің бұрмалануына әкелген есептілікті жасағаны үшін банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

2. Егер нұсқау орындалмаса, онда алдыңғы жөнелтушіден алынған нұсқауды орындамаған немесе тиісінше орындамаған көрсетілетін төлем қызметтерін беруші (оның ішінде делдал банк) оның алдында жауаптылықта болады. Егер ақша аударымы бенефициар банкінің кінәсінен орындалмаса, ақша жөнелтуші азаматтық-құқықтық мәміле бойынша бенефициардың алдында төлем бойынша жауаптылықта болмайды.

3. Егер ақша аударымдарын жасау қағидаларын бұзу төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушының басқаның ақшасын құқыққа сыйымсыз пайдалануымен байланысты болса, мұндай қатысушы ақшасын құқыққа сыйымсыз пайдаланған тұлғаға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тұрақсыздық айыбын төлейді.

4. Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші, егер ол төлемді жүзеге асыру кезінде қорғау әрекеттерінің тәртібін сақтамаса, бірақ бұл ретте бенефициар ақшаны:

1) нұсқауда айқындалған;

2) бенефициар үшін қолайлы мерзімде;

3) нұсқауда айқындалған сомада алса;

4) егер ақша жөнелтушіге де, бенефициарға да нұқсан (залал) келтірілмесе, жауаптылықта болмайды.

5. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін және (немесе) өкімдерін, банктік шот бойынша ақшаға тыйым салу туралы актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сотының ақшаны өндіріп алу туралы сот актілерін, сот орындаушысының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулыларын бұзғаны не орындамағаны үшін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауаптылықта болады.

Ескерту. 58-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

59-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берген төлем құжаты жасалған қарыз шартына, кредиттік желі ашу туралы келісімге немесе қарыз операциясы не кепілдік беру фактісін растайтын өзге де құжатқа сәйкес қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабына теңестіріледі және осы Заңда айқындалған тәртіппен орындалуға жатады.

2. Көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар, сондай-ақ төлем жүйелерінің операторлары осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде өз қызметін оның талаптарына сәйкес келтіруге тиіс.

3. Осы Заңның 5-бабының 5-тармағында және 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген талаптар осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылады.

4. 01.06.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 26.07.2016 № 11-VI Заңымен.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

60-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң:

1) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 32-баптың 6-тармағын;

2) 2017 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 13-баптың 8, 9 және 10-тармақтарын, 47 және 48-баптарын;

2-1) 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 35-баптың 6-тармағы екінші бөлігінің үшінші абзацын;

3) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 35-баптың 6-тармағы екінші бөлігінің төртінші абзацын;

4) 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 2-баптың 3-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 46-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мен 5-тармағының бірінші бөлігі және 59-баптың 4-тармағы 2017 жылғы 1 маусымға дейін қолданылады.

3. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 60-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 29-VI Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 76-VI (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Президенті *Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК